

Р.Т. Наралиева
Д.Н. Омарова
С.А. Денгелбаева

ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ӘОЖ 811.512.122(075)

КБЖ 81.2Қаз-923

Қ 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№4 хаттама 19 маусым 2020 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы,
профессор **Д. Әлкебаева**

филология ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор **Б.М. Сұлтанова**
филология ғылымдарының кандидаты **Т. Зайсанбаев**

Құрастырғандар:

Р.Т. Наралиева, Д.Н. Омарова, С.А. Денгелбаева

Қ 81 **Қызықты** қазақ тілі: оқу құралы / құраст.: Р.Т. Наралиева, Д.Н. Омарова, С.А. Денгелбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2020 – 128 б.

ISBN 978-601-04-4660-1

Оқу құралы ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушылары мен оқытушыларына арналады. Қазақ тілі пәнінің лексика саласы бойынша тілдік бағдар беріліп және әртүрлі жағдаяттарға арналған мәтіндер қамтылады. Тілдік бағдар мен білім дағдыларын бекітуге арналған тапсырмалар және жаттығу жұмыстары ұсынылады. Білім алушыларды тілдің негізгі аспектілері бойынша сөздік қорын байытуды қалыптастыруға бағытталады. Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты – білім алушылардың қазақ тілінің лексика бөлімінен тілдік бағдар бере отырып, бағдарламалық материалдарды бекіту. Аталмыш оқу құралын дайындық бөлімінің, жалпы білім беретін мектептің білім алушыларымен қатар, қазақ тілі пәнінің ұстаздары да пайдалана алады.

ӘОЖ 811.512.122(075)

КБЖ 81.2Қаз-923

ISBN 978-601-04-4660-1

© Құраст.: Наралиева Р.Т., Омарова Д.Н.,
Денгелбаева С.А., 2020

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық курсына қазақ тілі мен оқу сауаттылығы пәндерін оқытатын оқытушылардың басты мақсаты мен негізгі міндеттері – білім алушыларға тілдің негізгі төрт аспектісі – айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым бойынша тілдік дағдыларын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, білімдік дағдыларын бекіту мен жоғары және арнайы оқу орнына түсу үшін ұлттық бірыңғай тест сынағына, кешенді тестілеуге даярлау.

«Қызықты қазақ тілі» атты оқу құралы ЖОО-ға дейінгі дайындық курстарында оқитын қандас тыңдаушылардың дәрісханасында қазақ тілінің лексика саласынан білім беруге арналған. Тыңдаушыларға қазақ тілінің лексика саласынан білім бере отырып, олардың функционалдық сауаттылығы мен сөздік қорын дамытуды және тіл мәдениетін арттыруды мақсат етеді. Авторлар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің негізгі факультеттерінде және ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде қандас тыңдаушыларды оқыту барысында жинаған тәжірибесі мен әлемдік, отандық тіл мамандарының озық әдістемелерін талдап зерттеу негізінде жинақтаған инновациялық әдістемелерін пайдалана отырып, қазақ тілін қарқынды оқыту жолдарын ұсынады.


Оқу құралында лексиканы меңгертуге және білім дағдыларын бекітуге арналған мәтіндер мен жаңа тақырыпты бекітуге арналған жаттығу жұмыстары ұсынылады. Оқу құралының өзіндік ерекшелігі тақырыпқа сай суреттермен безендірілген, әртүрлі инновациялық: «БББ», «Кубизм», «Ромбтық жіктелім», «Бас киім кию», «Түсіндірме сөздік» үйшігі, «Тілек парағы» секілді әдістерді қолдану арқылы нәтижелі сабақты ұйымдастыру жолдары көрсетілген. Оқу құралы шетелдік қазақ жастарына, білім алушыларға қазақ тілін қарқынды оқытудың ұтымды әдістерін ұсынуға арналған. Оқу құралы тақырыптық жоспарға сәйкес дайындалған. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай. Ресімделуі оқу құралдарының шығарылым талаптарына, мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігі ЖМББС-на толық сәйкес келеді. Оқу құралы өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық

және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Қорыта айтқанда, оқу құралының авторлары алдарына қойған мақсатына жеткен. Оқу құралын дайындық курстарында сабақ беретін дәрісхананың оқытушыларына және мектеп мұғалімдеріне оқу әдістемелік құрал ретінде пайдалануға ұсынуға болады. Оқу құралының II бөлімінде жаңа тақырыпты бекітуге бағытталған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ұтымды өткізуге арналған сабақ жоспарлары беріледі. Оқу құралының өзіндік ерекшелігі тақырыпқа сай суреттермен безендірілген, инновациялық: кейстік, брейн-рингтік әдістерді ұтымды пайдалану арқылы нәтижелі сабақ ұйымдастыру жолдары көрсетілген. Еңбек білім алушыларға оқу сауаттылығын оқытудың ұтымды әдістерін ұсына отырып, олардың білім дағдыларын бекітуге арналған.

«Қызықты қазақ тілі» оқу құралы Қазақстан Республикасында білім беру дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, 2013 жылғы білім беру және оқу бағдарламаларына сай құрастырылған.

I бөлім

ӘЛЕМДІК МҰРА



! **Мәтінді мәнерлеп оқып шығып, мазмұнын айтыңыз.**

Әлемдік мұра (ағылш. *World Heritage*, фр. *Patrimoine Mondial*, ис. *Patrimonio Mundial*) – ЮНЕСКО тарапынан бекітілетін, адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық маңызы бар деп танылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандар.

2012 жылғы жағдайына сәйкес Әлемдік мұра тізімінде – 962 нысан. Соның ішінде 745 мәдени, 188 – табиғи және 29 – аралас нысан бар.

1972 жылы БҰҰ Білім, Ғылым және Мәдениет Ұйымы (ЮНЕСКО) дүниежүзіндегі мәдени және табиғи мұраларды қорғау туралы қарар қабылдады (1975 ж. күшіне енген). КСРО бұл қарарды 1988 жылы 9 наурызда ратификациялады. 2010 жылы сәуірде қарарды 187 БҰҰ-ға мүше елдер ратификациялаған, соның ішінде Қазақстан да бар.

Жыл сайын дерлік Әлемдік мұра комитеті сессиясы өтіп, онда «Әлемдік мұра мәртебесін беру» сұрақтары талқыланады (мысалы, 2008 жылы Квебекте өткен 32-нші сессиясында 19 мәдени және 8 табиғи нысан тізімге қосылды. Сол сәтке сәйкес тізімде 145 елдің 878 нысаны болған: 679 – мәдени ескерткіш, 174 – табиғи және 25 – аралас типті).

«Әлемдік мұра мәртебесінің» келесі артықшылықтары бар (табиғи ескерткіштер үшін):

- ерекше табиғи кешенге қосымша оның бірегей кешен болып сақталып тұруына кепілдік береді;

- ескерткіш орналасқан аймақ пен оның иелерінің абыройын арттырады;

- сол тізімге енген нысандарды дәріптеу және соның салдарынан баламалы табиғатты пайдалану үрдістерін қалыптастыруға (әсіресе экологиялық туризмді) септігін тигізеді;

- ескерткіштерді қаржыландыру маңыздылығын орнатып, Әлемдік мұра қорынан қаражат бөлуді қамтамасыз етеді;

- табиғи ескерткіштерді бірыңғай бақылап, тексеріп отыруды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Ескерткіш орналасқан мемлекеттер сол ескерткіштерді сақтау міндеттемесін алады.

Негізгі тізім аясында Әлемдік мұра жоғалу қаупіндегі ескерткіштер ішкі тізімі бар. Бұл тізімге әртүрлі табиғи немесе адамдардың себебінен қауіп төніп тұрған ескерткіштер уақытша кіреді: қарулы қақтығыстар мен соғыстар, жер сілкініс пен табиғи апаттар, ластану, браконьерлік пен тәртіпсіз құрылыс салдары сияқты. Тізімге кірді деген сөз оларға ерекше назар аударып, шұғыл шаралар қолдану керектігін айтады.

2007 жылы Омандағы Арабия ориксі қорығы (ақ орикске үзіліссіз аңшылық пен қорық аймағының тарылуынан) және 2009 жылы Германия Дрездендегі Елбі алабы (мәдени ландшафттағы аймақтағы толассыз салынып жатқан жол құрылысынан) ЮНЕСКО тізімінен алынып тасталды.

Шарттары

Әлемдік мұраның негізгі мақсаты – өз санатындағы ерекше болып табылатын ескерткіштерді дәріптеу және қорғау. Осы мақсатта объективті болу үшін бағалау критерийлері енгізілді. Басында (1978 жылдан бері) Мәдени мұра ескерткіштері үшін критерий ретінде енгізілген бұл тізімде алты шарт болған. Содан әр құрлық арасында баланс орнату үшін табиғи объектілерді де қосып, оларға төрт шарт бекітілді. Ақыры, 2005 жылы барлық критерийлер біріктірілді, енді Әлемдік мұраның әр объектісі кем дегенде бір шартты қанағаттандырады.

Мәдени критерийлер

– I Нысан – адамзаттық данышпанның біртума шығармашылығы.

– II Нысан – адамзат құндылықтарының сол замандағы немесе белгілі бір мәдени кеңістікте, сәулетте немесе технологияда, терең монументтік өнерде, қала жобалары немесе ландшафт үлгілеріндегі өзара зор әсерінің куәгері.

– III Нысан әлі өмір сүретін немесе жойылып кеткен мәдени дәстүр немесе өркениет үшін ерекше маңызға ие.

– IV Нысан – адамзат тарихының маңызды дәуірінің айрықша ландшафттық немесе құрылымдық, сәулеттік, технологиялық ансамблінің үлгісі.

– V Нысан – адамзаттың дәстүрлі құрылысының, жерді немесе теңізді дәстүрлі пайдалану үрдісінің, мәдениеттік немесе адамзаттың қоршаған ортамен қатынасының үлгісі (әсіресе бұл қоршаған орта кері қайтпайтын процестер себебінен өте әлсіреп тұрса).

– VI Нысан тікелей немесе жанама түрде оқиғамен немесе бар дәстүрлермен, идеялармен, сенімдермен, әдеби шығармалармен байланысты әрі айрықша әлемдік маңызға ие (ЮНЕСКО комитеті бойынша бұл шарттың тағы бір немесе бірнеше шарттармен бірге орындалғаны жөн).

Табиғи критерийлер

– VII Нысан – табиғи феномен немесе ерекше табиғи әдемілік пен эстетикалық маңызға ие кеңістік.

– VIII Нысан – жер тарихының негізгі кезеңдерінің айрықша үлгісі, сонымен қатар өткен шақтың ескерткіші, болып жатқан жер бедері дамуындағы геологиялық процестердің немесе геоморфтық немесе физиографиялық ерекшеліктердің нышаны.

– IX Нысан – құрлықтық, тұщы су, жағалық және теңіздік экожүйелер мен жануарлар қоғамдастықтары эволюциясы мен дамуындағы болып жатқан экологиялық немесе биологиялық процестердің айрықша үлгісі.

– X. Нысан биологиялық әралуандылық, соның ішінде ғылым мен табиғатты қорғау жағынан алғанда әлемдік маңызы зор, жоғалып бара жатқан түрлердің ең негізгі табиғи өмір сүру ортасын қамтиды.

Әлемдік мұра нысандар саны бойынша көшбасшы елдердің тізімі

Әлемдік мұра нысандар саны бойынша көшбасшы елдер

- 47 – Италия
- 44 – Испания
- 43 – Қытай
- 38 – Франция
- 37 – Германия
- 31 – Мексика
- 29 – Үндістан
- 28 – Ұлыбритания
- 25 – Ресей
- 21 – АҚШ

Қазақстандағы ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандары тізімі


ЮНЕСКО Әлемдік мұра тізімінде Қазақстанның 3 нысаны бар (2012 жылғы жағдайы бойынша). Екі нысан тізімге мәдени критерий бойынша енгізілсе, біреуі табиғи критерий бойынша іліккен. Бұдан басқа, 2012 жылғы жағдайына сәйкес Қазақстан территориясындағы 12 нысан Әлемдік мұра тізіміне үміткер ретінде тіркелген.

Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

1-жаттығу. Асты сызылған сөздерді мәндес сөздермен алмастырып, көшіріп жазыңыз.





Нысан құрлықтық, тұщы су, жағалық, теңіздік экожүйелер және жануарлар қоғамдастықтары эволюциясы мен дамуындағы болып жатқан экологиялық немесе биологиялық процестердің **айрықша үлгісі** болып табылады. Екі нысан тізімге мәдени критерий бойынша **енгізілсе**, біреуі табиғи критерий бойынша іліккен.

1-тапсырма. «Ромбтық жіктелім» бойынша мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазыңыз.



2-тапсырма. «Бас киім кию» әдісі. Ұлттық бас киімдеріне қарай мемлекеттерді анықтаңыз. Ғаламторды, оқулықтарды АТҚ құралын пайдалана отырып, аталмыш елдердегі әлемдік мұраларды жазыңыз. Мұралардың ерекшелігі мен маңызына қысқаша сипаттама беріңіз. Кестені толтырыңыз.

Ұлттық бас киімдер	Мемлекеттер	Әлемдік мұралар	Сипаттама
1	2	3	4
			
			
			

1	2	3	4
			
			
			
			

2-жаттығу. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырып жазыңыздар. Сөйлемдеріңіз өзара мағыналық байланыста болсын.

Үлгі: Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі – сәулет өнерінің ерекше үлгісінде салынған көне ғимарат.

Әлемдік, негізгі, сәулет, ерекше маңызы бар, мәдени мұра, табиғи әдемі, феномен, критерийлер, әлемдік мұра комитеті, экологиялық мәселе, алты шарт, ескерткіштер, тізіміне енген, қорғау, үміткер, нысандар.

Тілдік бағдар

Лексика – көне грек тілінің «Lexis» – сөз деген ұғымды білдіретін сөзінен шыққан терминдік атау. Қазақ тілінің лексикасы қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Лексика сөзін термин ретінде екі түрлі мағынада қолданамыз. Мысалы, Абайдың лексикасы, Сөкеннің лексикасы немесе сөзге шешен, тілі бай, сөздік қоры мол адамдарға қатысты мына кісінің лексикасы бай екен деп айта береміз. Бұл ретте лексика сөзі жеке адамның сөздік қоры, сөз байлығы деген ұғымды білдіреді. Лексика дегеніміз – лингвистика саласында сөздік құрам, сөздік қор, сөз байлығы деген ұғымды беретін термин, ғылыми атау. Тіліміздегі сөз байлығы қазақ тілінің лексикасы деп аталса, ал осы қазақ тілінің сөздік қорын, лексикасын зерттейтін тіл ғылымының саласы лексикология деп аталады. Лексикология саласы зерттеу нысанына қарай іштей бірнеше салаға бөлінеді. Мысалы, сөздің мағынасын зерттейтін саласы семасиология деп аталса, ал этимология саласы сөздің шығу төркінін, тегін зерттейді.

3-тапсырма. Мәтіндегі терминдер мен қысқарған сөздердің мағынасын ашып түсіндіру арқылы «Түсіндірме сөздікті» толтырыңыз.

Түсіндірме сөздік

Терминдер	Мағыналары
ЮНЕСКО	
БҮҮ	
Критерийлер	
Ратификация	
Объективті	
Экология	
Комитет	
Ландшафт	
Феномен	
Геоморфтық	
Физиография	
Эстетика	

4-тапсырма. «Кубизм» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1. **Табыңыз!** Мәтіннің мазмұнын ашатын негізгі сөйлемді табыңыз!

2. **Пайдаланыңыз!** Тірек сөздерді қолданып, мәтінде көтерілген өзекті мәселе туралы аңдатпа жазыңыз.

3. **Баяндаңыз!** Басты мақсатын айқындаңыз.

4. **Зерттеңіз.** Әлемдік пен ұлттық мұраларымыз жайлы ғылыми еңбектермен танысыңыз.

5. **Салыстырыңыз!** Отандық және әлемдік мұралардың ортақ маңызы мен өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

6. **Түйіндеңіз.** Әлемдік мұраларға қазақстандық қандай нысандарды енгізуді ұсынар едіңіз.

5-тапсырма. *Сұрақтарға жауап беріңіз!*

1. Лексика дегеніміз не?
2. Жеке адамның лексикасы деген ұғымды қалай түсіндіңіз?
3. Өзіңіздің сөздік қорыңыздың мөлшерін қалай санайсыз?

4. Этимологияның зерттеу нысаны не?
5. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы деген ұғымды қалай түсінесіз?

6-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай ақпарат алдыңыз?
2. Тақырыпқа қатысты тағы да нені білгіңіз келеді?
3. Еліміздегі қандай маңызды нысандарды білесіз?

Білгенге маржан



1. Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі

2. Өрнектелген жазулар

Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында салынған. Кесене – орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Кесене Шығысқа аты әйгілі болған түркі халқының ақыны, ұлы ойшылы, софизмді уағыздаушы, «Әзірет Сұлтан» атанған Қожа Ахмет Ясауи бейітінің басына орнатылған. Қожа Ахмет Ясауидің діни-мистикалық, философиялық мазмұндағы «Диуани Хикмет» атты еңбегі көне түркі тілінде жазылған.

Фимаратты әлемге әйгілі қолбасшы Әмір Темір салдырған. Кесененің кіре беріс есігінің маңдайшасына жазылған «Бұл әулие мекен Алла тағаланың рахымы жауған падиша Әмір Темір көрегеннің жарлығы бойынша орнатылды... Алла тағала оның әмірінің ғасырлар бойына жасауына нәсіп етсін» деген сөздер де

бұған айқын дәлел болады. Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі тек қазақстандық үшін ғана емес, жалпы түркі халқы үшін мұсылмандықтың алтын бесігі, түркі әлемінің рухани орталығы болып табылады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Орта Азия мен Қазақстандағы біздің заманымызға дейін сақталған ең зәулім күмбезді, қыштан салынған ғимарат. Ғимараттың ұзындығы – 62,5 м, көлденеңі – 46,5 м. Сыртқы көрінісі айбынды да жинақы келген ғимараттың ішінде үлкенді-кішілі 35 зал мен бөлмелер бар. Олар бір-бірімен қос қабатты 8 дәлізбен және де әртүрлі өтпелі баспалдақтармен жалғасып жатады. Ғимарат құрылысындағы тағы да сәулеттік ерекшелігі қазандықты қоршаған блок-залдар мен бөлмелер күмбезді мызғытпай ұстап тұратын тіреу (контрфорс) секілді салынған. Кесененің талай ғасырдың сынына төзіп тұруының бір сыры қабырғаларының қалыңдығы мен беріктігінде болып табылады. Ғимараттың қаңқасы түрліше қиюластырылған доғалар мен күмбез тәріздес элементтерден құралған.

1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи республикалық мұражайы ашылды, ал 1989 жылы тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» құрылды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның 27 сессиясында дүниежүзілік «Әлемдік Мәдени мұра» тізіміне енді.

(?! Ойлан, тап! Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Сұраққа жауап беріңіз.

Қазақстан ЮНЕСКО дүниежүзіндегі мәдени және табиғи мұраларын қорғау туралы қарарды қай жылы ратификациялады?

- A. 1988
- B. 2010
- C. 2012
- D. 1978
- E. 2001

2. Дұрыс жауапты табыңыз.

Әлемдік мұраның әр нысаны ең кем дегенде неше шартқа сәйкес болуы тиіс?

- A. 1
- B. 2
- C. 6
- D. 4
- E. 10

3. Сөйлемді толықтырыңыз.

Ескерткіш орналасқан мемлекеттер сол ескерткіштерді ... міндеттемесін алады.

- A. қарау
- B. күзету
- C. сақтау
- D. қорғау
- E. қарауылдау

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның 27 сессиясында дүние жүзілік «...» тізіміне енді.

- A. Әлемдік Табиғи мұра
- B. Әлемдік Мәдени қазына
- C. Әлемдік Әдеби мұра
- D. Әлемдік Тарихи мұра
- E. Әлемдік Мәдени мұра

5. Анықтауыш қызметіндегі есімшені табыңыз.

A. Қожа Ахмет Ясауидің діни-мистикалық, философиялық мазмұндағы «Диуани Хикмет» атты еңбегі көне түркі тілінде жазылған.

B. Ғимаратты әлемге әйгілі қолбасшы Әмір Темір салдырған.

C. Кесененің талай ғасырдың сынына төзіп тұруының бір сыры қабырғаларының қалыңдығы мен беріктігінде болып табылады.

D. Ғимараттың қаңқасы түрліше қиюластырылған доғалар мен күмбез тәріздіс элементтерден құралған.

E. Кесененің кіре беріс есігінің маңдайшасына жазылған мына сөздер де айқын дәлел болады.

Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез!



Айтысып сөзге келгенше,
Ақылменен жөнге кел.

Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.

Ақыл – гауһар бағасыз,
Ақымақ – ауру дауасыз.

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Ақылдыға сөз айтсаң, аз ойланып біледі,
Ақымаққа сөз айтсаң, тыңдайды да күледі.

Жақсыдан – шарапат,
Жаманнан – кесапат.

Айла – алтау, ақыл – жетеу,
Айлаға ақыл қосылса – алдырмайтын екеу.

Әлемнің Екінші ұстазы

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамның қас жауы. Ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі».

Әбу Насыр әл-Фараби

! Мәтінді мәнерлеп, мұқият оқыңыз. Ауыспалы мағыналы сөздері бар сөйлемдерді табыңыз



Әлемнің Екінші ұстазы атанған, ұлы ғұлама, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Отырар қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби өмір сүрген заманда Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың экономикасы мен мәдениеті дамыған кез болатын. Ғұламаның туған қаласы Отырардың гүлденген кезеңі етін. Жібек жолының бойына орналасқан Отырар қаласын арабтар Фараб деп атаған. Әл-Фараби әуелі сауатын түркі тілінде ашқан, содан соң білімін жетілдіру мақсатында сол дәуірдегі шығыстағы өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары болған Бұхара, Самарқанд, Мерф, Харран, Бағдат, Рей, Каир, Алеппа қалаларына барған. Жас жеткіншек керуенмен ілесіп білім іздеп Бағдатқа келеді. Білім мен ғылым қуған қыпшақ ұланы шығыстың ойшылдарымен, қайраткерлерімен танысады. Ислам діні кең қанатын жайған кезеңде Түркістан мен Орта

Азия елдері Араб халифатында ықпалында болатын. Әл-Фараби өмір сүрген кезең араб-мұсылман мәдениетінің, мұсылман ренессансы дәуірлеп тұрған уақыт болғандықтан, сол заманда халық қарым-қатынас құралы ретінде араб-парсы, түркі тілдерін қатар пайдаланатын. Ғылым-білім іздеген ұлы ұстаз, ғұлама түрік, парсы, араб тілдерінен басқа грек, латын, санскрит, қытай және тағы да басқа халықтың тілдерін меңгереді. Тарихи деректерге қарағанда Әл-Фараби жетпістей тіл білген. Сол дәуірде дамыған ғылым салаларының бәрін зерттеп, әртүрлі өнер түрлерін игеріп, үлесін қосқан. Келер ұрпаққа ғылыми-мәдени маңызы зор үлкен асыл мұра қалдырды.

Ғалымның «Логика», «Метафизика», «Этика», Саяси және әлеуметтік философия», «Диалектика» және медицина мен музыка, ғылымның әртүрлі салаларына арнап жазған трактаттарының саны жүз елуден асады. Әлемнің алғашқы ұстазы атанған Аристотельдің еңбектеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасап зерделейді. Музыканы математикалық жүйенің негізінде қарастырып, музыканы ғылымның бір саласы ретінде зерттеген, «Музыканың ұлы кітабын» жазған. Ғылыми еңбектерімен қатар адамгершілікті насихаттайтын, қайырымдылық пен ізеттілікке жетелейтін тәрбиелік мәні зор тағылымды еңбектер жазған. Ұлы ойшыл өз кезінде: «...тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп санаған ұлы ғалым білім мен тәрбие ісі үштаса жүргізілсе ғана адам абзал қасиеттері танылады, адам баласы рухани сауаттылыққа қол жеткізеді деп айтып кеткен. Этиканы адамзатты гуманизм бағыт көрсететін, жақсылық пен жамандықтың айырым белгілерін ажыратып қарауға жол сілтейтін ғылым деп қарастырды. Этика ғылымы туралы тұжырымдамаларында жақсылық пен мейірімділік, ізгілікті басты категория ретінде қарайды. Ақыл-ой мен білім мәнінің жоғарылығын дәріптеп, бақытты өмірдің мәні білім, мейірімділік, сұлулық үшеуінің бірлігінде деп көрсетті. Ғалымның гуманизм туралы парасатты идеялары әлемге кең тараған, өзектілігін ешқашанда жоймайтын мәні зор идея. Жалпыадамзаттық құндылықтарға баса назар аударып, адам баласының бақытты өмір сүруін аңсаған ұлы ғұлама «Бақытқа жол сілтеу», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» еңбектерін жазды.

Әл-Фарабидің мұраларының бізге жету кезеңдері



Әбу Насыр әл-Фараби дана бабамыздың мұраларын елімізде түбегейлі зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 60-жылдарынан басталды. Ұлы ғұламаның мұраларын зерттеуді ең алғаш бастаған қазақстандық ғалымдар – Ақжан әл-Машани (Машанов) пен Қаныш Сәтбаев болатын. 1975 жылы ЮНЕСКО шешімі бойынша әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық конференция өтті. Қазіргі уақытта ҚР БҒМ Ғылым Академиясының философия ғылымы зерттеу институтында шығыс философиясы мен фарабитану бөлімдері жұмыс істейді. Еліміздегі ұлттық рейтингтің абсолюттік үздігі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби» кітапханасы ашылды және «Фарабитану» орталығы құрылды. Орталықта ұлы ғұламаның еңбектерін қазақ-орыс тілдеріне тәржімалау, зерттеу, насихаттау жұмыстары жүргізіледі.

?! Тест тапсырмаларына жауап беріңіз.

1. Ұлы ғұлама қайда туған?

- A. Қазақстан елінің Фараб қаласында
- B. Араб халифатының Фараб қаласында
- C. Сырдария бойындағы Отырар қаласында
- D. Қазақ хандығының Отырар қаласында
- E. Түркістан мемлекетінің астанасында

2. Әлемнің бірінші ұстазы кім?

- A. Аристотель
- B. Әлкей Марғұлан
- C. Авиценна
- D. Әбу Насыр әл-Фараби
- E. Хаджи Халифа

3. Әл-Фараби мұраларының бізге жету кезеңдері нешеге бөлінеді?

- A. 6
- B. 3
- C. 4
- D. 2
- E. 5

4. Кейінгі ықпалды көрсетіңіз.

- A. Әлкей
- B. Ақжан
- C. Бартольд
- D. Халифа
- E. Сәтбаев

5. Аралас буынды табыңыз.

- A. ақыл-ой
- B. мәдениет
- C. музыкалық
- D. сауаттылық
- E. адамгершілік

ӘЛ-ФАРАБИ. 6 ТҮРЛІ НАДАН ҚАЛА

Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби мен оның жазған еңбектеріне арналған алғашқы мақаламызды жариялаған едік. Қайырымды қалаға қарама-қарсы қалалар туралы не білеміз? Олардың қайырымды қаладан айырмашылығы неді? Надан қала қанша топқа бөлінеді? Айдарымыздың кезекті саны сізге рухани азық сыйлайды деген үміттеміз.

Қайырымды қала надан қалаға, өнегесіз қалаға, алыс-беріс қала мен адасқан қалаға қарама-қарсы. Сондай-ақ мұндай қалаға жеке адамдар – осы қалалардың өкілдері де қарсы келеді.

Надан қала – ешқашан да бақытты көріп-білмеген, оған талпыну ешқашан ойына да кіріп шықпаған тұрғындар қаласы. Олар мұны ешқашан бастан кешіріп те көрген емес, бұған ешқашан сенген де емес. Игілікті алатын болсақ, олар жұрттың ойынша, игілік ретінде саналатын алдамшы дүниелерді, жұрттың ойынша, өмірлік мақсат болып көрінетін дүниелерді ғана біледі. Мәселен, денсаулық, байлық, ләззат, құштарлыққа салыну бостандығы, құрмет пен даңқ. Осы игіліктердің әрқайсысы надан қаланың барлық тұрғындарының пікірінше, бақыт болып табылады.

Ал аса зор, толық бақыт – барлық осы игіліктердің жиынтығы. Бақытсыздық атаулы – тәндегі дерт, кедейлік, ләззаттың жоқтығы, құштарлыққа салынудың мүмкін еместігі, сый-құрметтің жоқтығы сияқты нәрселер осы игіліктерге қарсы тұрады.

Надан қаланың өзі алтыға бөлінеді:

Ділгер қаласы – сондай қала, оның тұрғындары тек ділгер заттармен ғана, яғни тәннің тіршілік етуіне керекті дүниелермен: тағаммен, сусынмен, киіммен, тұрғын үймен, сұхбаттасумен және осыған жету үшін бір-біріне көмектесумен ғана шектеледі.

Алыс-беріс қаласы – сондай қала, оның тұрғындары дәулет пен байлыққа жету үшін бір-біріне көмектесуге тырысады, бірақ бұл – басқа бір нәрсеге жетудің құралы емес, күллі өмірінің мақсаты.

Пасықтық пен бақытсыздықтың қаласы – сондай қала, оның тұрғындары тағамнан, ішімдіктен, сұхбаттасудан ләззат алуға тырысады, қысқасы олар сезім мен қиялға әсер ететін ләззаттарға, қандай түрде болса да сауық құрып, сайран салуға құштар келеді.

Даңғой қала – сондай қала, оны мекендеушілер жұрттың сый-құрметіне бөленіп, мақтау алу үшін, өздері жайында басқа халықтар біліп, айта жүруі үшін, сөзбен де, іспен де мадақтап, дәріптеуі үшін, өздерін, не жат көзіне, не бір-біріне сән-салтанатымен жарқырата көрсету үшін ғана көмектесуге тырысады, мұның бәрін олар бұған қаншалық ынтазарлығына қарай немесе осы қаншалық қолынан келуіне қарай істейді.

Мансапшыл қала – сондай қала, оның тұрғындары өзгелерді өздеріне бағындыруға, ал өздері ешкімге де бағынбауға тырысады. Олардың күш-жігері өздеріне жеңіс әперетін қуанышқа жетуге ғана жұмсалады.

Құштар қала – сондай қала, оның тұрғындары әркім өз құштарлығын ешбір тежеусіз, өз қалауынша еркін істеу деп біліп, осыған ұмтылады.

Надан қалалардың әміршілері де осы қалалардың өздеріне үқсас болады, олардың әрқайсысы өздері билейтін қаланың ісін жүргізгенде жеке бастарының құштарлықтары мен ниеттерін қаңағаттандыруды көздейді.

Жоғарыда біз атап өткен түсініктеменің бәрі – надан қала тұрғындарының кәсібі, мұны олардың өмірлік мақсаты деп санауға болады.

Надан қаладан бөлек, қайырымды қала тобына қарама-қарсы тағы бірнеше топ бар:

Өнегесіз қала – сондай қала, оның (тұрғындарының, *автордан*) көзқарастары ізгі көзқарастар санатына қосылады және ол бақытты, пейілі кең, күдіреті күшті Алланы, екінші жаратылысты, әрекетшіл парасатты, тегінде қайырымды қала тұрғындары білетін және солар сенетін дүниелердің бәрін хақ деп біледі. Бірақ бұл қала тұрғындарының іс-әрекеті құдды надан қаланың тұрғындарының іс-әрекеті сияқты.

Құбылмалы қала – сондай қала, оның (тұрғындарының, *автордан*) көзқарастары мен іс-әрекеті бұрын қайырымды қаланың көзқарастары мен іс-әрекеті сияқты болса да, кейін ол өзгеріп кеткен: санасына өзгеше идеялар ұялап, іс-әрекеті мүлде басқаша болған.

Адасқан қала – сол, оның ойынша, бақыт бұл дүниедегі өмірден кейін келмек. Бірақ оның түсінігі өзгеріп кеткен, сондықтан пейілі кең, құдіреті күшті Алла тағала туралы, екінші жаратылыс, әрекетшіл парасат туралы оның түсініктерінің терістігі соншалық, бұлардың инабаттылыққа негіз болуы да, барлық зат біткеннің кейіпкері мен образдары ретінде қабылдануы мүмкін емес.


Бұл қаланың бірінші басшысы іс жүзінде солай болмаса да, өзін Тәңірі көктен жіберген адам етіп көрсетушілердің санатына жатады және осы мақсатпен қиянат жасап, өтірік айтып, менмендік көрсетеді.

Аружан Мырзатай. Ruh.kz.

1-жаттығу. Берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдер құраңыз. Сөйлемдеріңіз бір-бірімен мағыналық жақтан байланыста болсын.

Әл-Фараби, Отырар, жастық шақ, ғалым, білім, іздеу, екінші, керуен, Ұлы Жібек жолы, сауда, кітапхана, зерттеу, кездесу, шығыстанушы, ұлттық университеті, орталық, ғылыми зерттеу.

1-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерін пайдалана отырып, ғұламаға сипаттама беру арқылы сызбаны толтырыңыз.



2-тапсырма. Мәтін бойынша кестенің бірінші бағанындағы сөздер мен сөз тіркестерінің ассоциативті қатарын түзіңіз.

Сөздер мен сөз тіркестері	Ассоциативті қатар
<i>Екінші ұстаз</i>	
<i>Бағдат</i> <i>Сауда керуені</i> <i>Трактат</i>	
<i>Математикалық</i>	
<i>Шығыстанушы</i> <i>Мейірімділік</i>	

АҢЫЗ АНАСЫ – АҚИҚАТ. ӘЛ-ФАРАБИ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Дәрежеге сай орын

Сирия патшасының сарайы. Алтын тақта Сайф әл-Даулат патша жайғасқан. Екі жағында сәл төменірек кеңесші екі уәзір отыр. Тақ артында желпүіш ұстаған екі малай. Сарай іші толған адам. Сарайда салтанатты жиын өтіп жатыр.

Бір хабаршы патша алдына аяғының ұшымен басып келіп, төжім етіп, хабарлайды:

– Аса қадірлі патша ием, сарайға екінші ұстаз Әбу Насыр Мұхамед ибн Мұхамед Тарқани ибн Үзлақ әл-Фараби келіп тұр.

Патша: «Есімі әлемге әйгілі ұлы ұстаз ғой, данышпанды кірігізіндер», – дейді.

Сыртқа шығып хабаршы Әл-Фарабиге басын иіп, ізетпен: «Ұлы ұстаз кірініз», – дейді.

Ішке кірген соң Әл-Фараби Әбу Насыр патшаға төжім етпей: «Ассалаумағалейкүм!» – деп қыпшақ халқының салтымен оң қолын жүрегіне қойып сәлем береді. Нағыз түркіге тән ер мінезбен патша алдына құлдық ұрмайды, басын имейді. Мұндай ер мінез нағыз түркілер арасында өмір сүріп, ержеткен, түркілік салт-дәстүрді әбден бойына сіңіріп өскен адамдарға ғана тән болса керек. Жұрт дағдарып қалып, біресе аң-таң болып, патшаның жүзіне, біресе Әл-Фарабидің жүзіне қарайды.

Сирия билеушісі Сайф ад-Даулат сыр берместен оның жайғасын сұрайды:

– Ұстаз, келіп отырыңыз.

Ғалым сол кезде деп сұрапты:

– Өзімнің дәрежеме сай отырайын ба, әлде сенің мәртебеңе сай ма?

Патша оған былай деп жауап беріпті.

– Өзіңнің дәрежеңе сай.

Фараби барлық әмірлерден өтіп, патшаның өзін тақтан ығыстырып, таққа отырады.

Патша тақтан түсіп, қонағына орын береді.

Сонда екі уәзірі өздерінің құпия тілінде ақырын сыбырлай сөйлеп, бірінші уәзір былай дейді:

– Ұлы мәртебелі патша ием, мына түрік сарай ережесін сақтамады ғой, сізді өзгелер алдында мазақ етейін дегені ме, мұнысы несі, бұған не жаза қолданайық?

Екінші уәзірі:

– Ереже тұрмақ, мүлдем әдептен жүрдай екен бұл түрік, өзгелерге сабақ болсын, қатаң ауыр жаза беру керек», – дейді ол да басын шұлғып.

Сайф ад-Даула санаулы адамдар ғана білетін құпия тілде уәзірлері мен оққағарларына дейді:

– Мына шейх әдептілік ережелерін аяқтасты етті. Дегенмен Ұлы ғұлама болып шықса кешірім жасайық. Қазір оның білімін тексеріп көрейік, егер ол жауаптарымен мені қанағаттандырмаса, онда сендерге белгі беремін, сендер оны жазалайсындар. Өзірше сабыр сақтаңдар», – дейді.

Фараби бұл сөзді естіп, сол тілде деп айтады:

– Айтқаныңыз, әміршім, сабырлылық – әрқашан данышпандар мен құдыреттілерге Алланың берген үлкен сыйы. Уа, патша, аз ғана сабыр етіңіз. Істің ақырына қарап баға берер болар.

Патша сұрайды:

– Сіз мына сарайдың құпия тілін қайдан білесіз?

Әл-Фараби:

– Біздің халық «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл», «Ер жігітке жетпіс өнер де аз» деген. Ал мен сол халқымының ілім-білім іздеген, жеті түрлі ілімді үйреніп жүрген, жетпіс тілді меңгерген бір ұлымын.


Сайф әл-Даулат патша:

– О, адамның дәреже-деңгейі мен сөз қадірін білетін әлемнің Екінші ұстазы, данышпаным, сөз басы өзіңізде, құлағымыз сізде болсын.

Осы жиын барысында ұлы ғұлама бабамыз патшаның алдында жиналған түрлі білімнің шебер мамандарымен ғылыми пікірсайысқа түсіп, нәтижесінде олардың барлығын мойындатыпты.

3-тапсырма. Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

1. Есте сақтайтын ең маңызды ақпарат
2. Менің көбірек білгім келетін басты екі мәлімет
3. Мені қызықтырған үш ақпарат
4. Мен білетін төрт мәлімет



4-тапсырма. «Борт журнал» бойынша тапсырманы орындаңыз.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жаңалық білдім?	Автордың негізгі ойы

Тілдік бағдар

Омонимдер мен полисемия

Тілімізде айтылуы немесе жазылуы бірдей, бірақ беретін ұғымдары мен мән-мағыналары басқа-басқа сөздер кездеседі. Мұндай сөздер омонимдер деп аталады. Мысалы, бас сөзін қарастырайық. Әй, бұйра бас, аяғыңды жылдам бас деген сөйлемде бұйра бас тіркесіндегі бас – адамның мүшесі, ал жылдам бас тіркесіндегі бас – іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз. Жүз теңге, мұнда жүз – сан есім. Суға жүз, бұл жерде жүз – іс-әрекет.

Омоним (homos – гректің бірдей, опума – ат, атау деген сөздерінен алынған) дегеніміз айтылуда, жазылуда тұлғасы бірдей, бірақ мағынасы мен мән-мазмұны бөлек-бөлек ұғымды білдіретін сөз.

Тілімізде кейде бір сөздің негізгі мағынасынан өрбіген қосымша мағынада қолданылуы да жиі кездесетін құбылыс. Тілдік қолданыста сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуы сөздің көп мағыналылығы (полисемия) деп аталады. Мысалы, бет – адамның беті, көлдің беті, кітаптың, дәптердің беті, бас – адамның басы, жиналыстың басы, сөздің басы, т.б.

5-тапсырма. Мәтіндегі кірме сөздерді тауып, олардың семантикалық картасын жасаңыз.

Кірме сөздер	Қай тілден енді?	Мағыналары

6-тапсырма. «Ізгілікті істі өзіңнен баста» тақырыбына эссе жазыңыз. Эссе жазу барысында төмендегі сөздерді қолданыңыз.

Менің ойымша, әл-Фараби бабамыз айтқандай, рухани байлық, жалпыадамзаттық құндылықтар, қайырымды қала тұрғындары туралы көзқарасым, қорыта айтқанда, адамды бақытқа жеткізетін басты дүниелер.


7-тапсырма. «Кубизм» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1. **Табыңыз!** Мәтіннің мазмұны мен негізгі идеясын ашатын негізгі шумақ жолдарын табыңыз!
2. **Пайдаланыңыз!** Тірек сөздерді қолданып, мәтінде көтерілген өзекті мәселе туралы аңдатпа жазыңыз.
3. **Баяндаңыз!** Басты мақсатын айқындаңыз.
4. **Зерттеңіз.** Ұлы ғұламаның қайырымды қала туралы айтқан нақыл сөздерін оқыңыз, талдаңыз.
5. **Салыстырыңыз!** Әл-Фараби көтерген мәселелерді қазіргі кездегі әлеуметтік кезеңдегі ахуалмен салыстырыңыз. Ол көтерген мәселелердің ортақ маңызы мен өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.
6. **Дәлелденіз.** Әл-Фараби Алты қалаға надан қала деген атауды не үшін берген?
7. **Түйіндеңіз.** Әл-Фараби – әлемнің Екінші ұстазы.

8-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай тың мәлімет алдыңыз?
2. Тақырыпқа қатысты тағы да нені білгіңіз келеді?
3. Әл-Фарабидің қандай еңбектерін білесіз?
4. Ұлы ғұламаның бақыт туралы айтқан ойларымен таныстыңыз ба?
5. Әл-Фарабидің басты еңбектерін атаңыз.

Қазақ ғылымының көгінде жарқ еткен жарық жұлдыз




«Шоқан Уәлиханов Шығыстану өлемінде күйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті». *Н.И. Веселовский*

! *Мәтінді мәнерлеп, мұқият оқыңыз. Ауыспалы мағыналы сөздері бар сөйлемдерді табыңыз.*

Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Құсмұрын елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Шыңғыс Аманқарағай дуанында аға сұлтан қызметін атқарған. Атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Бабасы ақ туының астына үш жүзді жинаған Абылай (Әбілмансұр). Шоқан ғылымның биік кеңістігіне, шырқау шыңына шыққан халқымыздың тұңғыш қыраны болды. Жас ғұмырында жасындай жарқылдаған Шоқан – қазақ халқынан шыққан демократтық-ағартушылық саласының тұңғыш өкілі, ұлттық психологиямыз бен әдебиетіміз, ұлттық мәдениетіміз туралы алғаш қалам тартқан этнограф ғалым, шығыстанушы, географ, фольклортанушы, ағартушы, тарихшы ғұлама. Балалық шағы әжесі Айғаным ханымның бауырында Сырымбеттегі хан ордасында және қыста әкесінің Обаған бойындағы Күнтиместегі ордада, жазда Есілдің оңтүстік жағалауында Аққанбұрлық алабында ата жайлауда өткізген. Ақсүйектерге тән әдеп-ғұрып бойынша «Жеті жұрттың тілін меңгеруге» тиіс болғандықтан бала Шоқан әкесі ашқан Күнтиместегі ауыл мектебінде оқып, ортағасырлық қыпшақ-шағатай тілдерін меңгеріп, араб-парсы тілдерін үйренеді. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол замандағы таңдаулы оқу орны болып саналатын Сібір кадет корпусына оқуға әкеледі. Шоқанның талантының ашылуына бұл кадет корпусының ықпалы өте зор болды. Жабық әскери білім ордасында әскери біліммен қатар, орыс, батыс әдебиеті, тарихы, географиясы және философиямен бірге, жаратылыстану пәндерінің негіздері, шетел тілдері оқытылатын. Кадет корпусында әскери оқытушылармен қоса демократтық-гуманитарлық көзқарастағы прогресшіл, жоғары білімді ұлағатты ұстаздар да сабақ беретін. Кадет корпусына оқуға түскен кезде әуелі орысша білмейтін зерек Шоқан орыс тілін тез үйренеді. Бұл туралы ғалыммен бірге оқыған Г.Н. Потанин: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді. Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін», – дейді.

Шоқан Уәлиханов 1853 жылы «корнет» деген әскери атақпен кадет корпусын бітірді. 17 жасында Сібірдің алтыншы атты әскер полкына әскери қызметке жіберіледі. Бірақ жергілікті халықтың тұрмысын, шаруашылығын жетік білетін оқымысты жас офицер Батыс Сібірді билеуші әкімдердің көзіне тез түсіп, бір жылдан кейін Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың қарауына қызметке ауысады. Сонымен қатар Сібір қазақтарының облыстық басқармасында төтенше жұмыстар атқарады. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанның саяси-әлеуметтік қызметі мен ғылыми жұмыстары да осы кезден басталды.


1-тапсырма. Сызбаны толтырыңыз.



2-тапсырма. Мәтін бойынша кестенің бірінші бағанындағы сөздер мен сөз тіркестерінің ассоциативті қатарын түзіңіз.

Сөздер мен сөз тіркестері	Ассоциативті қатар
Әжесінің бауырында	
Ортағасырлық	
Он екі жасында	
Г.Н. Потанин Шоқан туралы	
Ұлттық психология	
Осы кезден басталды	
Құйрықты жұлдыз	

3-тапсырма. Шоқанның өмірінің басты кезеңдері бойынша кластер түзіңіз.



4-тапсырма. «Инсерт» стратегиясы. «Бәрін білгім келеді». Ақпараттың мазмұнына сәйкес келетін торкөзге + белгісін қою арқылы «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Мен бұл ақпарат туралы	Бұрыннан білемін	Бүгін білдім	Болашақта білгім келеді
1	2	3	4
Шоқанның шын аты – Мұхамед-Ханафия			
Шоқан ортағасырлық қыпшақ-шағатай, араб-парсы тілдерін білген			

1	2	3	4
Шоқанның өлімі туралы күпия деректер			
Шоқан Қашқарияға Қапал саудагері Мұсабайдың туысы Әлімбаи деген лақап атпен барды			
Шоқан оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін			
Шоқан – азаттықтың ақ туын көтерген Абылайдың ұрпағы			

Ұядан ұшар алдында

! Мәтінді мәнерлеп, мұқият оқыңыз. Көп мағыналы сөздері бар бар сөйлемдерді табыңыз. Сөздердің мағыналарына талдау жасаңыз.

Шоқан (шын аты Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қарашада Торғай мен Есіл даласының астасқан жерінде, Құсмұрын қамалында туды. Оның балалық шағы Құсмұрын мен Сырымбетте өтеді. Бала жасынан осы маңның тау-тасын, нурманын, өзен-суын зердесіне тоқиды. Ол жас күнінен бұл маңның табиғатын сүйіп, оны қағаз бетіне (суретке) түсіреді. Оның осындай бір топ суреттері ғылыми орындарда әлі де сақтаулы.

Шыққан ортасы сұлтандар тұқымы болғанымен, алайда өзі көбінесе кайнаған халық арасында, азаттықты арман етуші бұқара ортасында өскен. Ол бес-алты жасынан бастап Құсмұрындағы қазақ мектебінде араб әрпімен жазылған кітаптарды оқып білген. Сөйтіп, Шоқанның алғаш сауатын ашып, оның көңілін оятқан, өз халқының мектебі, өз елінің ертегі, жыр-дастандары болады. Оның қалың бұқара арасында болып, ой-өрісінің өсуіне тағы бір себеп – оның жас кезінде осы ауылда орыстың талай ғалымдары, инженерлері, топографтары, суретшілерінің келуі, жұмыс істеуі еді. Солардың ішінде Уәлихановтардың рухани тіршілігіне зор әсер еткен, әсіресе декабристер С.М. Семенов пен В.И. Штеингель сияқтылар болады. Бұлар сол кезде Сібір қазақ-

тарының шекаралық комиссиясында қызмет істеген, Шоқанның әкесі Шыңғысқа аса жақын болған. Бұдан Шоқанның балалық шағы Россия тарихының жарқын бетін жасаған осындай адамдардың ықпалы аясында өткенін аңғарамыз.

Шоқан 1847 жылы, 12 жасында Омскінің кадет корпусына түсіп оқиды. Бұл мектепке түскенде Шоқан орысша бір ауыз сөз білмеген, бірақ өзінің зеректігі, алғырлығы арқасында орысшаны тез үйреніп, бұл тілді білу жөнінен кейін тіпті жолдастарынан да оза бастаған. Шоқанның зеректігіне корпустың оқытушылары көңіл аудармай қоймаған. Үстаздар мен жақсы шәкірттің арасында айнымас достық, келешектегі үлкен мәдениетке деген бірыңғай бағыт аңғарылған. Корпустың соңғы кластарында Шоқан ғылым, философия, көркем әдебиет кітаптарын тесіле оқып, әлеуметтік тіршілікке жете көңіл аударған. Ол, әсіресе Пушкин мен Лермонтов жырларын, Герцен, Белинский, Гоголь шығармаларын, Жан-Жак Руссо, Карлейль, Диккенс, Теккерей еңбектерін көп оқып, олардан көп ғибрат алған.

Шоқанның ұядан ұшар алдында қоршаған ортасы, алған тәрбиесі, тұтқан өнегесі міне осындай еді.


Исқақов Б.

1-жаттығу. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазыңыз.

Тірек сөздердің семантикалық картасын жасаңыз.


Тірек сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құраңыз. Сөйлемдеріңіз өзара мағыналық байланыста болсын.

1-тапсырма. Кестені толтырыңыз.






Шоқан Уәлиханов
1835-1865



2-тапсырма. Мәтін бойынша кестенің бірінші бағанындағы сөздер мен сөз тіркестерінің ассоциативті қатарын түзіңіз.

Сөздер мен сөз тіркестері	Ассоциативті қатар
Бір топ суреттері	
Шыққан ортасы сұлтандар тұқымы	
Шоқан алғаш сауатын	
Үстаздар мен жақсы шәкірттің арасында айнымас достық	
Ол, әсіресе	

3-тапсырма. Шоқанның ғылыми зерттеу еңбектері бойынша кластер түзіңіз.



4-тапсырма. «Инсерт» стратегиясы. «Бәрін білгім келеді». Ақпараттың мазмұнына сәйкес келетін торкөзге + белгісін қою арқылы «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Мен бұл ақпарат туралы	Бұрыннан білемін	Бүгін білдім	Болашақта білгім келеді
Ш. Уәлиханов Қашқарияда болған кезінде ұйғыр тілін меңгеруді жалғастырады. Шоқанның жеке мұрағатында Қашғарда ұйғыр тілінде жазған жазбалары сақталған.			
Шоқан қазақ-қырғыздардың жырларын жазып алған			
Шоқан сол кезде-ақ сирек қолданылатын қазақ сөздеріне лингвистикалық зерттеулер жүргізген			
Шоқан Батыс мәдениеті мен революциясының сол кездегі орталығы Парижде болған			

Тілдік бағдар

Синонимдер

Синонимдер деп тіліміздегі айтылуы да, жазылуы да басқа болғанымен, мағыналық жағынан бір-біріне жуық келетін мөндес сөздер қатарын айтамыз. Синонимдер кемінде екі сөзден тұрады. Кейде жеке сөздерге тұрақты сөз тіркестері де синоним болады. Мысалы, *анық, айқын – тайға таңба басқандай*. Синонимдер тілдік қолданыста, әсіресе көркем әдебиетте бір сөзді ретсіз пайдалана бермеу үшін жұмсалады. Іскери-ресми және ғылыми стильде арнайы атаулардың орнына синонимдер қолданылмайды. Мысалы, арыз, шағым, талапарыз деген сөздер – ресми тілдік қолданыста заң аясында қолданылатын жеке құжаттардың атауы, өзіндік ерекшеліктері бар.

Сонымен, синонимдер дегеніміз айтылуда да, жазылуда да түлғалары әр алуан болғанымен, мағыналары бір-біріне жақын болатын мәндес сөздер болып табылады. Синонимдер кейде бір-бірінің орнына теңдік деңгейде жұмсалса, мысалы, қонақ – мейман, қайратты – қуатты, батыл – ержүрек, ал кейде әртүрлі деңгейлік мәнде қолданылады: мысалы, дидар, келбет, кейіп, түр, сықпыт, ұсқын, т.б. синонимдер қатарын алсақ, дидар, келбет сөздері жағымды мәнде жұмсалса, ал келбет, кейіп, сықпыт, ұсқын сөздері тек жағымсыз мәнде, ал түр сөзі – түрі жылы немесе түрі суық екен деп айтыла беретіндіктен, жағымды-жағымсыз мәнде де қолданыла береді.

Білгенге маржан

– 1853 жыл. Ол он жеті жасында-ақ Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде қызметке қалдырылды.

– 1854 жыл. Батыс Сібір мен Қазақ елінің солтүстік-шығыс аймағын басқарушы генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалды.

– 1854 жыл. Жас ғалым Шоқан профессор Березиннің бастырып шығарған «Тоқтамыс ханның жарлығы мен басқа да хан жарлықтары» туралы еңбектеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Бұл жұмыс Шоқанның алғашқы ғылыми зерттеу жұмысы еді.

– Уәлихановтың Қашқарияға жасаған саяхатының басты жемісі оның «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу өлкесінің шығысындағы алты қаласының жағдайы туралы» деген еңбегі болып табылады.

– Патша үкіметі жас ғалымның ғылыми ерлік еңбегін жоғары бағалады. Оны орыс патшасы II Александрдың өзі қабылдады. 1860 жылы Санкт-Петербургте ол орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылатылды.

– Шоқан Орта Азия халықтарының тұрмыс-салтын, дәстүрін бейнелейтін 150-дей сурет салған.

– Шоқан Уәлихановтың пікірінше, халықтық психологиясын көрсететін белгілердің бірі – сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері.

– 1857 жылы 27 ақпанда Шоқан Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайланды.

Қашқария Колумбысы

! *Мәтінді мәнерлеп, мұқият оқыңыз. Көп мағыналы және омоним сөздері бар сөйлемдерді табыңыз.*



Шоқанның ғалымдық атағын көкке көтерген оның Қашқарға жасаған саяхатының қорытындылары еді. Осы сапардан кейін батыр саяхатшы, қажымас ғалым ретінде Шоқан есімі бүкіл дүние жүзіне белгілі болды.

Даңқты саяхатшы Марко Поло мен иезуит Гоестен кейін (XVI ғасыр) ол жерді еш ғалымның аяғы басып, көзі көрмеген болатын. Бұл жерлер Еуропа үшін жұмбақ еді. Баруға ниет қылған Батыс Еуропа ғалымдарының көпшілігі бақытсыздыққа ұшырап отырған. Мәселен, Шоқаннан бір жыл ғана бұрын Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинтвейт Қашқария әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан. Міне, осындай қауіпті сапарға 1858 жылы 28 маусымда Шоқан шықты. Ол сапарын Қапал қаласының маңындағы Қарамола тауынан бастап, Ыстықкөл арқылы қырғыз халқының байтақ жерін аралай отырып, 1 қазанда Қашқар қаласына барып кіреді. Бұл сапарында Шоқан күнделік дәптер жүргізіп отырады. Бұған ол өзінің жолшыбай көрген-білгендерін, атап айтқанда, Орталық Тянь-Шаньның, Ыстықкөл бассейнінің, Нарын, Арпа, Атбас, Шатыркөл және Тарим өзенінің географиялық жағдайын, табиғат байлықтарын, ауарайын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін жазады. Шоқанның бұл күнделік дәптері Ресей Ғылым академиясының архивінде осы күнге дейін сақтаулы.

Шоқан Қашқарияда жарты жыл тұрып, Шығыс Түркістан қалаларын, әсіресе Қашқар қаласын жетік зерттейді. Одан әрі саяхатты жүргізуге сәті келмей, кері қайтады. Сол сапарында бұл елдің саяси қайраткерлері, ғалымдары, қалың бұқарасымен аралас-құралас болып, осы күнге дейін жұмбақ, жат саналған елмен танысып достасып, қымбат мағлұматтар жинап, ғылымды

байыта түседі. 1859 жылдың сәуір айында ол Отанына оралады. Орыс ғалымдары оның бұл сапарын нағыз ғылыми ерлік деп бағалап, Шоқанды Қашқарияны тұңғыш зерттеуші ғалым деп таныды. Уәлиханов Қашқариядан аса бай ғылыми материалмен келді. Мәселен, ол сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын, тау жыныстары мен өсімдіктер коллекцияларын, ежелгі мәдениет ескерткіштері мен ісмерлік өнерінің көптеген нұсқаларын әкелді. Оның ішінде Шығыс Түркістан тұрғындарының түрі мен тұрмысын бейнелейтін суреттері де бар.

Уәлихановтың Қашқарияға жасаған саяхатының басты жемісі оның «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу өлкесінің шығысындағы алты қаласының жағдайы туралы» деген еңбегі болып табылады. Бұл еңбек өзінің материалының молдығы, талдауының ғылыми тереңдігі жөнінен тек отандық қана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінің ғылымына қосылған үлкен қазына болып табылады. Бұл сапар және әлгі еңбек Шоқанды «Қашқария Колумбысы» деп атауға толық құқық береді.

Шоқан өміріндегі ең бір қызықты да жарқын шақ Петербург кезеңі болды. Бұл кезде ол Петербургтің ғылыми, саяси әлеуметтік тіршілігіне қызу араласты. Географиялық қоғамда, бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті жанындағы Шығыс мектебінде де Шоқан аса зор жұмыстар істеді, мұнда ол түрік тілдерінен сабақ берді. Географиялық қоғамның журналдарына және орыс оқымыстылары мен жазушылары жасап жатқан Ғылым мен Әдебиет энциклопедиясына: Орта Азия мен Қазақстанның ертедегі ғалымдары, қоғам және мемлекет қайраткерлері (Әбілғазы, Әбунәсір Самани, Аллауиддин Джувейни, Әмір Темір, Әлішер Науаи, Абылай) туралы мақалалар жазады.

Шоқанның Петербургте жүріп әкесіне жазған хатына қарағанда, 1860 жылдың қысында ол Петербургтен Парижге барғанға ұқсайды. Орыстың атақты жазушысы Ф.М. Достоевскийдің досы Врангель сол қыста өзінің Парижде Уәлихановпен кездескенін жазады. Міне осы екі документ Шоқанның Батыс мәдениеті мен революциясының сол кездегі орталығы Парижде болғандығын аңғартады.

Петербургте Шоқан орыс халқының белгілі ғалымдары, ақын-жазушылары және алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері-

мен танысып, достық байланыс жасайды. П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Г.Н. Потанин, Ф.М. Достоевский, С.Ф. Дуровтармен ол Сібірде жүрген кезінің өзінде-ақ достасады. Ал Петербургтегі таныстарының ішінде орыстың атақты ғалымы Д.И. Менделеев, ғалымдар В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н. Бекетов, ақындар – ағайынды Курочкиндер, А.Н. Майков, П.Я. Полонский, Шығыс зерттеу ғылымының мамандары П.И. Лерх, И.Н. Березин, В.П. Васильев тағы басқалар болады.

Сол сияқты ол «Современник» журналының редакциясы мен әдебиет фондына барып жүреді, мұнда ұлы революционер-демократ Н.Г. Чернышевский мен оның достарына жолығуы әбден ықтимал. Шоқан олармен жақындасудың арқасында әуелі Белинский мен Петрашевскийдің, сонан соң Чернышевский мен Добролюбовтың саяси және философиялық көзқарастарымен танысады, солардың озат идеяларымен қаруланады.

Сонымен бірге Шоқанның өзі де орыс достарына өз тарапынан ықпал етіп, оларды Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын, әдебиетін зерттеп білуге, осы халықтардың өмірінен шығарма жазуға шақырады. Мәселен, атақты ақын А.Н. Майковтың «Емшан» («Қыр гүлі»), «Дала» атты өлеңдері Шоқанмен пікір алысудан кейін жазылыпты, сол сияқты Шоқан берген сюжет бойынша Березин «Қозы Қорпеш – Баян сұлу» поэмасын орыс тіліне аударған. Мұның өзі Шоқанның тек орыс достарынан үлгі-өнеге алып қана қоймай, оларға өз тарапынан да ықпал жасай білгенін аңғартады.

Искаков Б.

1-тапсырма. «Қызық екен» әдісі арқылы әр мозаика қиығының артында жазылған қызықты мәліметті оқып, қызық болған тұстарын «қызық екен, бізге қызық болды, қосымша қызық мәлімет бар» деген тіркестерді қолданып айтады.





2-тапсырма. «Борт журнал» әдісін пайдалана отырып, тапсырманы орындаңыз.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жаңалық білдім?	Автордың негізгі ойы

?! Ойлан, тап! Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Дұрыс нұсқасын табыңыз.

Шоқанды ғылымның көгінде ағып өткен «күйректі жұлдызға» теңеген орыстың оқымысты ғалымы кім?

- A. И.Н. Березин
- B. П.П. Семенов
- C. В.Г. Белинский
- D. А.Н. Веселовский
- E. Ф.М. Достоевский

2. Сұраққа жауап беріңіз.

Қашқария сапары Шоқанның даңқын шығаруының басты себебі неде?

A. Даңқты саяхатшы Марко Поло мен иезуит Гоестен кейін (XVI ғасыр) ол жерді еш ғалымның аяғы басып, көзі көрмеген болатын.

B. Қашқария Еуропа үшін жұмбақ еді.

C. Баруға ниет қылған Батыс Еуропа ғалымдарының көпшілігі бақытсыздыққа ұшырап отырған.

D. Шоқаннан бір жыл ғана бұрын Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинтвейт Қашқария әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан.

E. Жауаптың бәрі дұрыс.

3. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Қандай құжаттар Шоқанның Батыс мәдениеті мен революциясының сол кездегі орталығы Парижде болғандығын аңғартады?

- A. Врангельге Достоевскийдің және Шоқанның әкесіне жазған хаттары

- V. Врангельдің Достоевскийге және Шоқанның әкесіне жазған хаттары
- С. Белинскийдің Достоевскийге және Шоқанның әкесіне жазған хаттары
- D. Патшалық Ресей мұрағаттарындағы сақталған екі ресми документ
- E. Орыс географиялық қоғамы мүшелерінің жазған документтері

4. Сөйлемді толықтырыңыз.

Шоқанды «Қашқарияның Колумбысы» деп айтуға ... толық құқық береді.

- A. Жоңғарияға жасаған саяхат сапары туралы еңбегі
- B. Шығыс Түркістанға барған сапары мен сол туралы еңбегі
- С. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры жайлы зерттеу еңбегі
- D. Батыс мәдениеті мен революциясының сол кездегі орталығы Парижге сапары
- E. Орта Азия халықтарының тұрмыс-салтын, дәстүрін бейнелейтін 150-дей суреті

5. Сөйлемді аяқтаңыз.

1860 жылы Шоқан өміріндегі елеулі оқиға –

- A. Санкт-Петербургте орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылатылды.
- B. Омбы кадет корпусын табысты аяқтап, әскери қызметке қабылданды
- С. Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайланды
- D. Қашқарияға жасаған қауіпті саяхат-сапарын сәтті өткізіп келді
- E. Шығыс мектебінде түрік тілдерінен сабақ берді

Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез

Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.

Әбу Насыр әл-Фараби

Оқу – білім қазығы,
Адамның жан азығы.

Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсең – қалмасаң,
Қу өнерді, бу белінді, жігер сал,
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң.

Ж. Аймауытов

Білмегенді сұрап үйренген – ғалым,
Арланып сұрамаған – өзіне залым.

Әлішер Науаи

4-тапсырма. «Инсерт» стратегиясы. «Бәрін білгім келеді». Ақпараттың мазмұнына сәйкес келетін торкөзге + белгісін қою арқылы «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Мен бұл ақпарат туралы	Бұрыннан білемін	Бүгін білдім	Болашақта білгім келеді
«...Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» секілді болды», – деп жазады Г.И. Потанин			
Ұлы ғалымның Шоқан деп аталуы туралы екі түрлі дерек бар			
1855 жылында сапарында қазақ-қырғыз ауыз әдебиеті, тарихы, этнографиясы туралы материалдар жинады.			
1856 жылы Ыстықкөл экспедициясына қатысты. Шоқан: «Манас – халық даналығының туындысы, барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдеп-ғұрыптары жөніндегі энциклопедиялық жинағы – дала Илядасы», – деп айтқан.			

8-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай тың мәлімет алдыңыз?
2. Тақырыпқа қатысты тағы да нені білгіңіз келеді?
3. С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» шығармасын оқыдыңыз ба?
4. Сәбит Мұқановтың тағы да қандай шығармаларын білесіз?
5. Шоқанның лингвистикаға қатысты қандай шығармасын білесіз?
6. Шоқан қырғыздың қандай поэмасынан үзінді жазып алған?
7. Шоқанның басты еңбектерін атаңыз.

АДАМЗАТТЫҢ АЛЫБЫ – ҰЛЫ АБАЙ

Ойтүрткі

1. Абай туралы романның авторы кім?
2. Абайдың қарасөздерінің саны нешеу?

! *Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, мазмұнын айтыңыз.*

Абайдың құбылысы орасан болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады. Шынын да өзі де қайран боп тұр. Жаңағы үн бұған да алғаш үйде естілген кезінде-ақ бір таныс дауыстай тиген. «Осы кімнің даусы» деген ой бұған да келіп еді. Бірақ Абай дегбірі қашып, ес тоқтатпаған жас баладай боп, алас ұрып, ұмтылып барады. Ерболды сүйрей жетектеп, әлгі ән шыққан үйге қарай ентелеп, есі-дерті ауып кетіпті.

Тоғжанға деген Абайдың ынтықтығы, ауыр арманы, ұзақ жылдар бойында айықпаған қалың шер екенін жолдасы жақсы білетін. Бірақ сонда да, дәл осы қазіргідей боп Абайдың тақаты кетіп, жан ұшырған кезін Ербол көрген емес. Мына түрінде көлденең, жат жұрттың көзіне өрескел болатын бір істер істеп, оғаш сөздер сөйлеп жіберетін сияқты. Соны ойлаған дос жігіт Абайды қатты тартып, тоқтатып ап:

– Әй, Абай, тоқта! Бү не? Отқа түсеміз бе? Әуелі ес жияйық. Мәніңді айтшы өзің! –деп еріксіз кейін бұрып алды.

– Жоқ, осы үйде Тоғжанның өзі отыр. Өзі емес пе? Тым күрса соны ғана біліп берші! – деп Абай әлі де ырыққа көнбей жүр еді.

– Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші әуелі. Екеуміз бірдей бармаймыз ол үйге. Мен барам да біліп шығам.

– Бар, бар ендеше. Басың сұқ та, қайта шық. Дәл осында Тоғжан отыр.

– Ойбай, Абай, ұйқысырап тұрсың. Қайдағы Тоғжан. Ол жоқ...

Абай сөйлетпей, тыю салды.

– Қой, Ербол... Айтпа оны. Жаңа ғана келіп аян берді! – деді.

Ерболға мынау сөз, әсіресе жат сезілді, шалық сөздей. Бірақ Абайды жамандыққа қимаған дос көңілі аяп кетті. Оны кіші інісіндей етіп, еркелеткендей боп, шын кешіріммен күліп жіберді. Оң қолымен қапсыра құшақтап алды да, Бекей үйінің сыртына алып жүрді.

М. Әуезов. Абай жолы.

1-тапсырма. Мәтіннен синоним сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз. Мәнмәтіндегі беріп тұрған мәнін анықтаңыз. Олардың тілдік қолданыс аясын (жиілігін) салыстырыңыз.

2-тапсырма. Кестенің бірінші бағанындағы сөздер мен сөз тіркестерінің ассоциативті қатарын түзіңіз.

Сөздер мен сөз тіркестері	Ассоциативті қатар
Дегбірі қашып	
Тоғжанға деген	
Қайран боп тұр	
Ерболды сүйрей жетектеп	
Екеуміз бірдей бармаймыз	

1-жаттығу. Сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздерді синоним сөздермен ауыстырып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыздар.

*Абайдың құбылысы **орасан** болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады. Шынын да өзі де **қайран** боп тұр. Тоғжанға деген Абайдың **ынтықтығы**, ауыр арманы, ұзақ жылдар бойында айықпаған қалың **шер** екенін **жолдасы** жақсы білетін. Жарайды, Абай, азгантай **сабыр** етші әуелі. Ерболға мынау сөз, әсіресе **жат** сезілді, шалық сөздей.*

3-тапсырма. Адамның сырт келбетін суреттейтін сөздердің синонимдік қатарын түзе.

Үлгі:

Сөз	Синонимдік қатар
Келбет	Кескін, түр, т.б.

4-тапсырма. Адамның мінез-құлқын сипаттайтын сөздердің синонимдік қатарын түзе.

Сөз	Синонимдік қатар
Сабырлы	Шыдамды, төзімді

5-тапсырма. Мәтіндегі мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашып түсіндіру арқылы «Түсіндірме сөздікті» толықтырыңыз.




Сөз, сөз тіркестері	Мағыналары
Ентелеу	
Есі-дерті ауу	
Қалың шер	
Көлденең көз	
Шалық	

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Туған жері қайда?

Анасының аты кім?

Әйгерімнің шын аты кім?



Құнанбайдың лауазымы қандай?

Абай алғаш рет неше жасында өке атанды?

Абай
(1845-1904)

Тілдік бағдар

Енжар (пассив) лексика

Тілімізде жиі қолданылатын жалпыхалықтық қолданыстық сипатқа ие сөздермен қатар тілдік қатысымы аймақтық жақтан шектеулі, тіпті кейде сөйлеу тілімізде сирек қолданылатын немесе тек көркем әдебиеттерде ғана кездесетін сөздер де бар. Мысалы, жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын жергілікті тіл ерекшеліктерін диалект сөздер деп атаймыз.

Мысалы, сіріңке – кеуірт, шақпак, күкірт, оттық, шырпы, ши; үлкен – нән, шоң, кәтта, шылапшын – кірлен, леген, дас, медет, демеу – мият, піскен – пысқан, т.б.

Енжар лексиканың бір тобын жаргондар мен арголар құрайды. Жаргон – ортақ мүдделеріне қарай топтасқан, шартты түрде дербес әлеуметтік топтың тілі. Жаргон сөздерді жастардың жаргоны не жастар сленгісі және кәсіби жаргон деп екіге бөліп қарастырамыз. Мысалы, жастар тілінде: жақсы билейді – жыңды билейді, өтірік айтты – құлағына кеспе/лапша ілді. Жаргон қазақ тілінде кең етек алған құбылыс емес.

Арго дегеніміз – жасырын топтардың немесе қылмыстық топтардың құпия тілі. Мысалы, темір торға қамалғандардың өзара қолданатын сөздері: «көртышқан» – ұры, «алтылық», «тоқылдақ» – сөз тасушы.

Кейде ана тілімізге өзге тілдің сөздерін баламасы бола тұра орынсыз қолдану әрекеті кездесіп қалады. Әсіресе ауызекі сөйлеу тілінде қазақтар орыстың «вообще, значить, пол, блатной, кадр, тема» деген сияқты сөздерін жиі айтады. Ана тіліне өзге тілдің жат сөздерін қосып сөйлеу құбылысын варваризм (түрпайы сөздер) деп атаймыз.

Тілімізде сирек немесе мүлдем қолданылмайтын сөздер де бар. Тарихи кезеңдегі қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік өзгерістермен, қазіргі кездегі ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты кейбір сөздер тілдік қолданыстан шығып қалады. Бұндай сөздерді көнерген сөздер деп атаймыз. Мысалы: хан, болыс, ауылнай, уәзір, октябрыят, т.б.

7-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыз.

1. Бүгінгі сабақтан қандай ақпарат алдыңыз?
2. Тақырыпқа қатысты тағы да нені білгіңіз келеді?
3. «Абай» романын оқыдыңыз ба?
4. Мәтінде енжар лексика тобына жататын сөздер бар ма?
5. Абайдың табиғи лирикасына қатысты қандай шығармасын білесіз?
6. Абай қандай орыс классиктерінің туындыларын аударған?
7. Абай аудармаларын атаңыз.

Абай. Әсемпаз болма әрнеге

! *Өлеңді жаттап алыңыз.*

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кегігін тап та бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа.
Алдың жалын, артың мүз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап, жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма.
Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез!

Абай айтқан асылдар



Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын.

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.

Сақалын сатқан көріден,
Еңбегін сатқан бала артық.


Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Өзімшілдік – адамды бұзатын пиғыл.
Адам баласының ең жаманы – талапсыздық.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар – на-
дандық, еріншектік, залымдық.

8-тапсырма. Абай айтқан бес асыл іс пен бес дұшпанға қатысты мақал-мәтелдерді жазыңыз.

Адамзаттың алыбы – ұлы Абай. Қара сөздер



Үшінші сөз

! *Мәтінді мәнерлеп оқыңыз. Тірек сөздерін теріп жазыңыз.*



Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының себебі не?

Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан; өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса бұлай болмас еді.

Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балалаларым да малды болса екен дейді.

Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ.

Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек, әр қазақтың ойы осы.

...Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі сондай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жиғандардың бүгін біреуіне кезекпен сатады да жүреді.

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ашатын, негізгі идеясын нақтылап көрсететін басты сөйлемді көшіріп жазыңыз.

«Төрт сөйлем» әдісі бойынша ойыңызды дәлелдеңіз.

1. *Менің ойымша*
2. *Себебі*
3. *Оның себебін ... мынадай мысалдар мен деректер бойынша дәлелдей аламын.*
4. *Қорыта айтқанда,*

Тілдік бағдар

Антонимдер


Тілдік қолданыста мағынасы бір-біріне мәнделс сөздермен қатар, мағыналары бір-біріне қарам-қайшы сөздер де кездеседі.

Мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді антонимдер дейміз.

Мысалы, үлкен-кіші, аз-мол, ұзын-қысқа, тәуір-нашар, адал-арам, ақылды-ақымақ, мейірімді-қатігез, ақ-қара, бар-жоқ.


Бірақ қарсы мәнделс сөздердің бәрі бірдей антоним бола алмайды. Бір түбірден өрбіген болымды және болымсыз мағына беретін қарсы мәнделс түбірлес сөздер антонимдерге жатпайды. Желді-желсіз, айлы-айсыз, әдепті-әдепсіз, т.б.

3-тапсырма. Адамның әртүрлі қасиеттерін сипаттайтын мына сөздердің синонимдік қатарын түзіңіз.



2-тапсырма. Пікірталас ұйымдастырыңыз. Ұлы Абай өзінің үшінші қара сөздерінде айтқан жағдаятқа өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Қазіргі заманға қатысы бар ма? Достарыңызбен пікір алмасыңыз.

3-тапсырма. Адамның әртүрлі қасиеттерін сипаттайтын мына сөздердің антонимдік жұбын жазыңыз.



***Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез!
Абай айтқан асылдар***

Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар:

Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

Екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде гибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;


Үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;



Төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

*Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншыл-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.
(Абай. Отыз бірінші сөз).*

Адамзаттың алыбы – ұлы Абай



Абай. Отыз жетінші сөз

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда, өңі қашады.
3. Хикмет сөздер өзіншіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.
4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық адамды бұзады.
5. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.
6. Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де, разы болмас.
7. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.
8. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.
9. Адам баласын замана өстіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

11. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында.


1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз. Тірек сөздерді теріп жазыңыз.

Мәтіннен антоним болатын сөздерді тауып, олардың антонимдік жұптарын жазыңыз.

2-тапсырма. «Бәрін білгім келеді». «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Бұрыннан білемін	Бүгін білдім	Болашақта білгім келеді

3-тапсырма. Кестедегі сөздер мен сөз тіркестеріне этимологиялық талдау жасау арқылы «Түсіндірме сөздікті» толтырыңыз. Осы сөздердің мәнмәтіндегі мағынасын анықтаңыз.



1	2
Фибрәтлану	
Шапқат	
Тұшынып	
Салғырт	
Хикмет	
Нәфрәтлі	

1	2
Уанған	
Татымсыз	
Ез	
Жемтік	
Қапашылық	

4-тапсырма. Абайдың отыз жетінші қара сөзі бойынша постер жасаңыз. Постерді пайдалана отырып, қара сөздердің әрбір жолына/бөліміне мазмұнына шолу жасаңыз. Мән-мағынасын талдаңыз. Шолу барысында өмірден нақты мысалдар келтіріңіз.

5-тапсырма. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша постерге қатысты өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

Менің пікірімше/ойымша,

Себебі мен ... деп түсіндіремін.

Мен бұл жайтты ... мысалдармен, нақты деректермен дәлелдей аламын.

Осыған орай мен ... деген қорытындыға келдім.

Білгенге маржан

– Абайдың шын аты – Ибраһим.

– Абай Құнанбайұлы өлең жазуды он жасынан бастаған.

– Абайдың шығармалары үш жүйемен өрбиді:

Біріншісі – ақынның өзі шығарған төл шығармалары: өлең-жырлары;

Екіншісі – ғақлия деп аталатын прозасы: Абайдың қара сөздері;

Үшіншісі – өзге тілден тәжімалаған аударма дүниелері.


– Абайдың қара сөздерінің саны – 45.

– Абай орыс ақындарының 50-ден астам өлең-жырларын аударған.

– Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

– 2020 жылы қаңтарда Чехияның астанасы Прагада Клементинум атындағы Ұлттық кітапханасында «Абай» мәдени-ақпараттық орталығы ашылды.

6-тапсырма. Гүлкестені толтырыңыз.



7-тапсырма. Абай айтқан бес жамандықты жазып, диаграмманы толтырыңыз.



Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез!
Абай. Ғылым таппай мақтанба




Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап, босқа күлуге...
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеніз,
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немеңе,
Балалықты қисаңыз?

8-тапсырма. Ойлан, тап!
Абайдың қай өлеңдері жасырылған?
Жұмбақтың шешуін табыңыз!

Суреттер арқылы жұмбақтың шешуін табыңыз, дұрыс шешкен жағдайда Абай өлеңдерінің атаулары шығады.





9-тапсырма. «Кубизм» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1. **Табыңыз!** Өлеңнің мазмұны мен негізгі идеясын ашатын негізгі шумақ жолдарын табыңыз!

2. **Пайдаланыңыз!** Тірек сөздерді қолданып, өлеңде көтерілген өзекті мәселе туралы аңдатпа жазыңыз.

3. **Баяндаңыз!** Басты мақсатын айқындаңыз.

4. **Зерттеңіз.** Ұлы Абайдың ғылым жайлы айтқан қара сөздерін оқыңыз, талдаңыз.

5. **Салыстырыңыз!** Абай көтерген мәселелерді зар заман ақындарының айтқандарымен салыстырыңыз. Олар көтерген мәселелердің ортақ маңызы мен өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

6. **Дәлелденіз.** А. Байтұрсынов: «Абайды – қазақтың бас ақыны», – деп неліктен атаған?

7. **Түйіндеңіз.** Абай Құнанбайұлы – қазақ классикалық әдебиетінің негізін салушы.

Ⓜ! Кім білгір?

1. Абай «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» атты өлеңін кімге арнады?

2. Абай неше жасында әке атанды?

3. Абайдың «Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды. ...Мен ішпеген у бар ма?!» деп, қандай оқиғаға байланысты айтады?

4. Абай ел билеу ісіне қанша жасынан бастап араласты?

5. Абайдың орыс досы кім?

6. Абайдың ұлы Әбдірахман қашан қайтыс болды?

7. Әйгерімді алғаш рет қай жерде қашан кездестіреді?

8. Әйгерімнің шын аты кім?

9. Абайдың өлең-жырларының жинағы қашан жарық көрді?

10. «Абай – қазақтың бас ақыны» деп айтқан кім?

(?!) Өртүрлі дереккөздерін пайдаланып, «ромбтық жіктелімді» толтырыңыз.

Абайдың әжесі мен анасы –
Зере, Үлжан

Кұнанбайдың жұбайлары –
Күңке,...

Абайдың қосақтары –
Ділда, ...

Абайдың ұлдары – Әкімбай, ...

Абайдың қыздары – Гүлбадан, ...


Абай өлеңін алғаш рет ... атпен шығарды

«Абай жолы» романындағы
шерменделер – ...

Абай аулындағы
адуын бәйбішелер – ...

Абайдың Бөжейдің үйінде қайтыс
болған қарындасы – ...

Тапсырма. Абай мен Ерболдың қарым-қатынасы туралы мәліметтерге шолу жасап, реферат жазып келіңіз.
Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсарин



Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі.

Ыбырай Алтынсарин

Дүние қалай етсең табылады?

! Мәтінді мәнерлеп оқып шығып, мазмұнын айтыңыз.

I Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

– 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетінше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге де қуатың да бардай көрінеді. Сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ. Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз жасайтын фабриктерге сатып, сонымен азды-көпті ақша болған соң, бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-кұсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым.

II Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық,

жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

III Антон бұл сөздерді есіткен соң, терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

IV 1815 жылы Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

– Айып етпесеңіз, сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдағы үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді.

V Сонда ойыма түсіп, таңғалып:

– Сен Антонбысың? – дедім.


– Рас, – деді Антон, – мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында сол кісінің айтқаны келіп, мінеки, осы зор дүкеннің иесі болдым, – деді. (*БІ. Алтынсарин*)

1-тапсырма.

(?!). Мәтіннен тілдік көркемдігіш құралдарды табыңыз, кестені толтырыңыз.

Көркемдегіш құралдар	Мәтіннен мысалдар	Түсініктеме
Теңеу		
Эпитет		
Қайталау		

2-тапсырма. Кері байланыс: «Білім пирамидасы»



- 1. Есте сақтайтын ең маңызды ақпарат*
- 2. Менің көбірек білгім келетін басты екі мәлімет*
- 3. Мені қызықтырған үш ақпарат*
- 4. Мен білетін төрт мәлімет*

Таным көкжиегі

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтіннің негізгі идеясы қандай?
2. Антонның жағдайы түзелуіне не әсер етті?
3. Біздің қоғамымызда осыған ұқсас қандай жайттарға куә болып жүрсіз?
4. Кедейліктен қалай құтылуға болады деп ойлайсыз?
5. Мұқтаждық деген ұғымды қалай түсінесіз?
6. Еліміздегі тұрмысы, материалдық жағдайы төмен және толық емес отбасыларына қалай көмектесуге болады?
7. Мәтіннен қандай ой түйдіңіз? Дүниедегі жамандық неден?
8. Жеке кәсіпкерлікті неден бастар едіңіз?
9. Жұмыс табысты болу үшін не қажет?

4-тапсырма. Мәтіннен мағынасы күңгірт сөздерді тауып, «Түсіндірме сөздік» үйшігін құрастырыңыз.

?! Тест тапсырмаларын орынданыз.

1. Мәтін қандай мәнерде жазылған?

- A. Сипаттау
- B. Суреттеу
- C. Баяндау
- D. Ойтолғау
- E. Пайымдау

2. Антон қалай байыды?

- A. Бай адамның арқасында
- B. Жолаушының көмегімен
- C. Шүберектер сатып жүріп
- D. Аянбай еңбек ету арқылы
- E. Тіленшіліктен көп мал тауып

3. Мәтіннің қай бөлімдерінде ақпараттық сәйкессіздік бар?

- A. I мен IV
- B. II мен V
- C. I мен III
- D. III пен IV
- E. II және V

4. Жіктік жалғаулы сөзді табыңыз.

- A. Болғың келсе
- B. Антонбысың
- C. Айтқандары
- D. Дүкеннің иесі
- E. Сатып алып


5. «Реуішті» сөзінің синонимін көрсетіңіз.

- A. Реңді
- B. Шырайлы
- C. Сенімді
- D. Секілді
- E. Бейтаныс

6. Оқиға қай елде болған?

- A. Англияда
- B. Қазақстанда
- C. Парижде
- D. Версальда
- E. Францияда

1-жәттығу. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз. «Білім аралы» әдісін пайдаланып, ауыспалы мағыналы және көп мағыналы сөздерді тауып, олардың семантикалық картасын жасаңыз.



2-тапсырма. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

Адамның тағдыры өз қолында. Әркімнің бақытының кілті өз қолында.

1. *Сіз осы пікірмен келісесіз бе?*
2. *Иә, келісемін, менің ойымша,*
3. *Жоқ, келіспеймін, себебі*
4. *Оның себебін ... мынадай мысалдар мен деректер бойынша дәлелдей аламын.*

3-тапсырма. «Кубизм» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1. **Табыңыз!** Мәтіннің мазмұнын ашатын негізгі сөйлемді табыңыз!

2. **Пайдаланыңыз!** Тірек сөздерді қолданып, мәтінде көтерілген өзекті мәселе туралы аңдатпа жазыңыз.

3. **Баяндаңыз!** Басты мақсатын айқындаңыз.

4. **Зерттеңіз.** БАҚ құралындағы кедейлік пен мұқтаждық туралы ақпараттармен танысыңыз.

5. **Салыстырыңыз!** Отандық және әлемдік тәжірибедегі кедейшілік тұрмыстың көлеңкелі тұстары мен одан құтылу жолдарына қатысты қабылданған бағдарламаларға талдау жасаңыз.

6. **Түйіндеңіз.** Әлемдегі кедейлік мәселесін шешуге бағытталған және олардың әлеуметтік-материалдық жағдайларын жақсартуға арналған қай елдердің тәжірибелерін қазақстандық жүйеге енгізуді ұсынар едіңіз?

Кел, балалар, оқылық

Ыбырай Алтынсарин

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстың байлығы,
Күннен-күнге көп болар.
Еш жұтамақ жоқ болар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Сиса көйлек үстіңде,
Токуменен табылған.
Сауысқанның тамағы,
Шокуменен табылған.
Өнер-білім бәрі де,
Окуменен табылған.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Надандықтың белгісі –
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай,
Ақ-қараны танымас.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Аяңшыл ат арымас,
Білім деген қарымас.
Жөн білмеген наданға,
Қыдыр Ата дарымас.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Өлеңді жаттап алыңыз.


Өлеңнің қандай ұйқаспен жазылғанын анықтаңыз. Өлеңнің құрылымына назар аударыңыз. Тірек сөздерді теріп жазыңыз.

Білгенге маржан


Ыбырай Алтынсаринның шығармашылығын бес топқа бөліп қарастыруға болады:

- 1. Оқу-ағартушылық бағыттағы білім алуға шақырған өлеңдері.*
- 2. Табиғат туралы жырлары.*
- 3. Әлеуметтік теңсіздік тақырыбына арналған туындылары.*
- 4. Орыс ақын-жазушыларының шығармаларынан жасалған аударма еңбектері.*
- 5. Қазақ халық ауыз әдебиеті.*

5-тапсырма. Берілген өлеңдерді топтарына сай тақырыптарын жазып көрсетіп, төмендегі кестені толтырыңыз.



6-тапсырма. Ыбырай Алтынсаринның әңгімесіндегі және өлең-жырында адамгершілікке, тәлім-тәрбиеге қатысты айтылған ойларын жазып, «Шапағат шеңберін» толтырыңыздар.



Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез!



Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.

Қыз еркем – кестесімен көркем,

Үл еркем – өнерімен көркем.

Ата өнері – балаға мұра.

Кісінің көлеңкесіне қарап киім пішпес болар.

Ақыл көпке жеткізер,

Өнер көкке жеткізер.

Қолың ұста болсын,

Сөзің қысқа болсын.

Әр нәрсеге асық болғанша,

Бір нәрсеге машық бол.

Өнерлінің өрісі ұзақ.

Өнерлі жігіт өрге озар,

Өнерсіз жігіт жер соғар.

Еңбек ептілікті сүйеді.

Білгенің бір тоғыз,


Білмегенің тоқсан тоғыз.

Ер қадірін ел білер,

Зер қадірін зергер білер.

7-тапсырма. «Бәрін білгім келеді». «БББ» кестесін толтырыңыздар.


Бұрыннан білемін	Бүгін білдім	Болашақта білгім келеді



8-тапсырма. «Кубизм» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1. **Табыңыз!** «Дала қоңырауы» туындысы кім туралы?!
2. **Пайдаланыңыз!** Мәліметтерді пайдалана отырып, Ы. Алтынсаринның шығармаларындағы өзекті мәселе туралы аңдатпа жазыңыз.
3. **Баяндаңыз!** Ы. Алтынсаринның ұстаздық жолы туралы айтыңыз.
4. **Зерттеңіз.** Ыбырай шығармаларындағы көтерілген әлеуметтік-тәрбие мәселелерге талдау жасаңыз.
5. **Салыстырыңыз!** Абай мен Ыбырайдың өмірбаяндары мен ағартушылық идеяларын салыстырыңыз.
6. **Түйіндеңіз.** Қазақ халқының тұңғыш ағартушысының артына қалдырған мұрасының өскелең ұрпақ үшін тәлім-тәрбиелік мәнінің, ғибратының маңызы туралы қорытып айтыңыз.

Қазақ балалар әдебиетінің маржаны «Менің атым – Қожа»



! *Мәтінді мәнерлеп оқып шығып, мазмұнын айтыңыз.*

Мен Бердібек Соқпақбаевты ерте таныдым. «Балдырған» журналы ашылып, екеуіміз де сол журналға әдеби қызметкер болып орналастық. Бекең ол кезде Мәскеудегі Жоғары Әдеби курсты бітіріп, жақында ғана елге оралған. Жай ғана оралған жоқ. Республиканың республика емес, колония екенін ұғып келді. Сол жылдары Ташкентте Азия және Африка жазушыларының халықаралық конференциясы өтті. Міне, осы конференцияға Нұрсұлтан Әлімқұлов деген ақын екеуі «Бізді арнайы шақырыңыздар! Біздің айтатын уәжіміз бар. Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз...» деп телеграмма беріп, біздің саққұлақтарды біраз састырған.

Ол заман үшін мұның өзі барып тұрған ерлік болатын. Жай ғана ерлік емес, көзсіз ерлік! Ол кәдімгі қан қақсаған сорлы әдебиеттің ышқына шыққан жан дауысы еді. Осыдан ширек ғасыр өткен соң Бердібек ағамыз ойда жоқта опат болды. Оны қала сыртындағы саяжайында асылып тұрған жерінде арқаннан суырып алды. Бұл, әрине, жұмбақ жағдай.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының қырық жылдық ұлы тойында ғой деймін, ұмытпасам, Балтық жағалауынан келген бір делегация жетекшісі өзінің құттықтау сөзінде небары екі-үш қазақ жазушысының атын атап өтті. Соның бірі – Мұхтар Әуезов болса, екіншісі – Бердібек Соқпақбаев еді.

II бөлім

Мен Бердібек Соқпақбаевпен «Балдырған» журналының редакциясында бірге жұмыс істедім.

«Өлгендер қайтып келмейді» романынан кейін Бекең біраз уақыт үнсіз қалды. Анда-санда жолыққанда жылы ұшырасып, құшақтап көрісеміз.

– Беке, не жазып жүрсіз? – деп сұраймын.

– Не жазушы ем? Түк те жазып жүргем жоқ. Менен маскүнемдер жақсы! Олар ең болмағанда бастарын жазады. Жазбайын демеймін, әрине! Жазғым-ақ келеді. Бірақ ақиқатты айттырмайды. Өтірікті жазғым келмейді! – дейді ол бір жағынан әзілдеп, бір жағынан мұңайып.

– Жазушы болып жаратылғаннан кейін әйтеуір бірдеңе жазуымыз керек қой! Жазушы жазбай жүре ала ма?! Жүре алады! Қиын! Бірақ амал жоқ!

Бірақ Азия-Африка жазушыларының Ташкентте өткен конференциясынан кейін кәдімгідей қорқып қалды. Өйткені ол содан кейін КГБ қадағалауына тап болды. Ресей жазушылары жасырын жазған дүниелерін шетелдерге шығарып, жариялап жатты. Бекең оны жақсы біледі. Ондай мүмкіндікті ойламады дейсіз бе?! Ойлады, құдай біледі.

Бастыруды мақсат етпесе, жазып бітіруді мақсат етті. Жаз күндерін көбіне-көп саяжайда өткізетін. Сол көлденең көзден аулақта тек арамшөп отап жатты дейсіз бе? Бірақ айналдырған жау алмай қоймайды деген.

Бекеңнің, әсіресе қолжазбасының соңына түскен тыңшылар түбіне жетіп тынғанға ұқсайды. Егер менің осы болжамым рас болса, онда ол қолжазба құрыды! Бұдан артық қандай қасірет болуы мүмкін!.. Өмірінің соңғы күндерінде Бердібек ағамыз көп нәрседен түңіле бастаған-ды. Төніп қалған қара бұлтты қатты сезінген болу керек!

(Қадыр Мырза Әлі)

(?!) **Ойлан, тап!** Тест тапсырмаларының дұрыс жауабын табыңыз.

1. Мәтіннің бөлімдеріне лайық тақырыпты таңдаңыз.

- A. I бөлім: Б. Соқпақбаев туралы. II бөлім: Соқпақбаевтың өмірі
- B. I бөлім: Б. Соқпақбаевтың ерлігі. II бөлім: Б. Соқпақбаев туралы
- C. I бөлім: Б. Соқпақбаев жазушы. II бөлім: Соқпақбаевтың қолжазбасы
- D. I бөлім: Б. Соқпақбаевтың уәжі. II бөлім: Соқпақбаевтың шығармашылығы

шылығы

E. I бөлім: Бердібек жайлы сыр. II бөлім: Б. Соқпақбаевтың өмірінің соңғы сәті

2. Бердібек не себепті қорықты?

- A. Азия-Африка жазушыларының конференциясынан
- B. Ташкентте өткен жазушылардың конференциясынан
- C. КГБ-ының қадағалауына тап болғандықтан
- D. Б. Соқпақбаев ақиқатты ашық жазудан қорықты
- E. Азия-Африка жазушыларының Ташкентте өткен конференциясынан

3. «Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз...», – деп жазушы қай елді айтып тұр?

- A. КСРО мемлекетін
- B. Қазақ мемлекетін
- C. Қазақстан Республикасын
- D. Республиканың колонияларын
- E. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын

4. Ауыспалы мағынада тұрған сөзді табыңыз.

- A. Жасырын жазған
- B. Өмірінің соңғы күндері
- C. Төніп қалған қара бұлт
- D. Арамшөп отап жатты
- E. Әдеби қызметкер болып

5. Субстантивтенген сөзді көрсетіңіз.

- A. Жазушылар
- B. Қолжазба
- C. Балдырған
- D. Конференция
- E. Өлгендер

6. «Мен Бердібек Соқпақбаевты ерте таныдым» деген сөздерді кім айтқан?

- A. Жазушы
- B. Авторлар
- C. Н. Әлімқұлов
- D. М. Әуезов
- E. Қ. Мырза Әлі

Тілдік бағдар

Омонимдер мен полисемия

Тілімізде айтылуы немесе жазылуы бірдей, бірақ беретін ұғымдары мен мән-мағыналары басқа-басқа сөздер кездеседі. Мұндай сөздер омонимдер деп аталады. Мысалы, бас сөзін қарастырайық. Әй, бұйра бас, аяғыңды жылдам бас деген сөйлемде бұйра бас тіркесіндегі бас – адамның мүшесі, ал жылдам бас тіркесіндегі бас – іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз. Жүз теңге, мұнда жүз – сан есім. Суға жүз, бұл жерде жүз – іс-әрекет.

Омоним (homos – гректің бірдей, опута – ат, атау деген сөздерінен алынған) дегеніміз – айтылуда, жазылуда тұлғасы бірдей, бірақ мағынасы мен мән-мазмұны бөлек-бөлек ұғымды білдіретін сөз.

Тілімізде кейде бір сөздің негізгі мағынасынан өрбіген қосымша мағынада қолданылуы жиі кездесетін құбылыс. Тілдік қолданыста сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуы сөздің көп мағыналылығы (полисемия) деп аталады. Мысалы, бет – адамның беті, көлдің беті, кітаптың, дәптердің беті, бас – адамның басы, жиналыстың басы, сөздің басы, т.б.

1-жаттығу. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз. Ауыспалы мағынада тұрған сөздері бар сөйлемдерді теріп жазыңыз және олардың мағынасын анықтап, бір сөзбен түйіндеңіз.

Мысалы, *төніп қалған қара бұлт – қауіп-қатер.*

2-тапсырма. «Кубизм» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1. **Табыңыз!** Автордың негізгі идеясы не туралы екенін айқындаңыз.

2. **Пайдаланыңыз!** Тірек сөздерді қолданып, өзекті мәселе туралы аңдатпа жазыңыз.

3. **Баяндаңыз!** Б. Соқпақбаевтың өмірбаянын қысқаша айтып беріңіз.

4. **Зерттеңіз.** Қазақ балалар әдебиетінің тағы да қандай өкілдерін білесіз?

5. **Салыстырыңыз!** «Мені атым – Қожа» мен М. Тиесовтің «Дала перзенті» шығармалары кейіпкерлерінің әрекеттерін салыстыра сипаттаңыз.

6. **Түйіндеңіз.** Соңғы кезде отандық қандай әдеби туындыларды оқыдыңыз?

Менің атым – Қожа

Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім тандайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін? Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Өттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызыл шақа болып жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әкешешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өскембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді, өзге қызу жұрт сол арада ду қостап: «Осы баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таппаймыз» дескен. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап, әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да, мойнына іліп жүре бересің.

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр. Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «Кенжем», «Сүйіктім», «Жұпарым» деген се-

кілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны таңдап алады. Міне, әділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес. Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе Қожабергеннің «күйрығы» үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін, өңімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды. Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп, жалт қарайтын болдым. Жантас тәрізді қылжақтар осының өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеждеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылығы үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды...

Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім.

1-жаттығу. Мәтіннен омоним болатын сөздерді теріп жазыңыздар.

Омоним сөздерді бірнеше мағынасында келтіріп, сөйлемдер құрап жазыңыздар.

Мысалы, ат.

Мені анам әдемі де ақылды болып өссін деп маған «Айару» деп ат қойған.

Атбегі жүйрік атын аламан бәйгеге баптап жүр.

Менің атам соғыста снайпер болған, себебі «құралайды көзден атқан» нағыз сұр мергеннің өзі еді.

3-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлерге сипаттама беріңіз.

Кейіпкердің ерекшелігін нақты мысалдармен дәлелдеңіз.

Кейіпкер	Мінез-құлқы	Мысал, дәлел
Қожа		
Жантас		

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Кейіпкер неге «Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады» дейді?

2. Сіздің пікіріңізше, қандай аттар жоғары идеялы есімдер болып саналады?

3. Адамның аты тағдырына ықпал етеді дегенге сенесіз бе?

4. Автор сынып сөзінің орнына неліктен «класс» сөзін қолданған?

5. Мәтін бойынша түсірілген фильмді көрген бе едіңіз?

6. Мәтін қандай стильде жазылған?

7. «Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім». Осы жолдарға мән-мағынасы жағынан сай келетін мәтелді айтыңыз.

5-тапсырма. «Бала» сөзіне синквейн құрастырыңыз.

6-тапсырма. «Бәрін білгім келеді». «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Бұрыннан білемін	Бүгін білдім	Болашақта білгім келеді

Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез!



Сөзінді түзе – әдетіңе айналады,
Әдетің мінезіңе айналады,
Мінезің – сенің тағдырың.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

Ақ сауыттың жағасы бар,
Жеңі жоқ.
Шын жақсының ашуы бар,
Кегі жоқ.

Айла алтау,
Ақыл жетеу.
Айла мен ақыл косылса,
Алдырмайды екеу.

Өзін ғана ойлаған,
Жамандықтың белгісі.
Өзгені де ойлаған,
Адамдықтың белгісі.

Жақсылыққа жақсылық –
Әр кісінің ісі.
Жамандыққа жақсылық –
Ер кісінің ісі.

Жақсы арман оздырар,
Жаман құлқын тоздырар.


Ер елі үшін туады,
Елі үшін өледі.

Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарлары ӘЛЕМДІК МҰРА

<p>САБАҚ: ... – сабақ Тақырыбы: Әлемдік мұра Тілдік бағдар: Фонетикадан өткенді қайталау Лексика туралы түсінік</p>	<p>Мектеп:</p>	
<p>Мерзімі:</p>	<p>Оқытушының аты-жөні:</p>	
<p>СЫНЫП:</p>	<p>Қатысқандар:</p>	<p>Қатыспағандар:</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>Оқулықтан және ғаламтор, альманахтар, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектерден алынған мәліметтерді дәлел ретінде қолдану, дерекөздеріне сілтеме жасау</p>	
<p>Сабақ мақсаттары:</p> <p>Білімдік</p> <p>Танымдық</p> <p>Дамытушылық</p> <p>Тәрбиелік</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушыларға әлемдік мұра дегеніміз не деген ұғымды түсіндіру • Еліміздегі әлемдік мұралар тізіміне енетін нысандарды таныстыру, мәлімет беру. Тілдік бағдар бойынша білім дағдыларын бекіту • Әлемдік мұралардың адам өміріндегі алатын мәні мен маңызы туралы мәлімет беру • Білім алушылардың Әлемдік мұра, Әлемнің жеті кереметі, Қазақстанның жеті туралы мәліметтерін одан ары толықтыру, сөздік қорын байыту • Ұлттық рухани және материалдық құндылықтарды сақтауға, қорғауға, оларды құрметтеуге баулу 	
<p>Сабақ міндеттері</p>	<p>Барлық білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғаламтор, энциклопедия, • газет-журналдар, оқулықтан, ғылыми еңбектерден қажетті деректерді табады, дерекөздеріне сілтеме 	

	<p>Білім алушылардың басым бөлігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқулықтан және ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектерден алған деректерді дәлел ретінде қолданады. Фонетикалық талдау жасайды. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың классификасын кесте түрінде түзеді <p>Кейбір білім алушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алған деректерге талдау жасай алады. Буындарды түрлеріне қарай ажыратады
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Қажетті деректерді таба алады • Деректерді дәлел ретінде қолданады, деректерге талдау жасай алады • Фонетикадан алған білім дағдыларын бекітеді
Тілдік мақсат	<p>Білім алушылар орындай алады: Деректерді іріктейді, ішінара ізденушілік жұмыстарын жүргізеді, аралас буынды сөздерді тауып, буын түрлерін анықтайды.</p> <p>Тірек сөздер мен тіркестер: Әлемдік мұра, нысандар, ландшафт, мәдени мұра, шарттар, табиғи критерийлер</p> <p>Тапсырмаларды орындау: жазылым үшін қажетті сөздер, сөз тіркестер: Әлемдік мұра, әлемдік маңызы, құндылық, т.б.</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: Шоқанның қазақ халқына сіңірген еңбегі қандай? Жастарға өнеге болар өмір жолы</p> <ul style="list-style-type: none"> • • • жасайды <p>«Инсерт» стратегиясы: «БББ» әдісі</p> <p>Венн диаграммасы кестесін толтыру</p>

Құндылықтарға баулу	Отандық ғылыми, тарихи-әлеуметтік маңызы зор дүниелерді, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оларды құрметтеуге баулу	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих, география	
Көрнекілік құралдар	Буклет, АТҚ құралы немесе интербелсенді тақта, үлестірмелі материалдар, кесте қағаздар, өзін-өзі бағалау парағы, мозаика қиықтары; Әлемдік мұра туралы презентация	
Пререквизит Алдыңғы оқу	Әлемдік мұраларды дәріптеу, ұлттық құндылық ұғымына талдау жасау	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың барысы Басталуы ... мин	<p>С. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал қалыптастыру «Алақай!!!» әдісі. – Сәлем достым! (Амандасады) – Сенің көңіл-күйің қалай? (Иықтарынан қағады) – Қайда болдың? (Қолымен ишара жасайды) – Мен сені сағындым! (Қолдарын жүректеріне қояды) – Мен келдім! (Қолдарын жаяды) – Жақсы болды! (Қолдарын түйістіреді) Бәрі бірге қол ұстасып, «Алақай» деп қолдарын жоғары көтереді.</p>  <p>Мозаика құрастыру әдісі арқылы топқа бөлу. Әр қиық бөліктері сай келтіру арқылы білім алушылар топтасады. Қиықтар құралып,</p>	<p>Қима материалдар: Мозаика, мозаика қиықтарын құрастыру</p> <p>«Ромбтық жіктелім» әдісі бойынша мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазғызу.</p>

мозаика түтас күйінде дайын болғанда, әлемдік мұраға қатысты қызықты деректер жазылады.

Үй тапсырмасын «*Ойтүрткі*» әдісі арқылы сұрап шығу. Сабақтың мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру

«*Ромбтық жіктелім*» әдісі бойынша мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазғызу.

Үлттық бас киімдер	Мемлекеттер	Әлемдік мұралар	Сипаттама
			
			
			
			
			
			
			
			

Жазылым аспектісі.


2-тапсырма.

«Бас киім кино» әдісі.

Мүмкіндікке қарай матадан немесе қағаздан суреттегі бас киімдерді дайындап келіп, білім алушылар киноі керек.

«Бас киім кино»
әдісі бойынша
кестені
толтыру

	<p>Үлттық бас киімдеріне қарай мемлекеттерді анықтату.</p> <p>Киген бас киімі бойынша аталмыш елдердегі өзі білетін әлемдік мұраларды жаздыру.</p> <p>Мұралардың ерекшелігі мен маңызына қысқаша сипаттама бергізу.</p> <p>Кестені толтырту.</p>															
Ортасы ... минут	<p>«Қызық екен» әдісі арқылы әр мозаика қиығының артында жазылған қызықты мәліметті оқып, қызық болған тұстарын «қызық екен, бізге қызық болды, қосымша қызық мәлімет бар» деген тіркестерді қолданып айтады.</p> <p>Осы деректер бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.</p> <p>Білу, түсіну Ж. Оқылым тапсырмасы: «Борт журнал» әдісі. Оқылым мәтінінен игерген мәліметтерді кестеге жазады</p> <table border="1" data-bbox="381 995 742 1161"> <tr> <td data-bbox="381 995 516 1121">Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?</td> <td data-bbox="516 995 647 1121">Мәтіннен қандай жаңалық білдім?</td> <td data-bbox="647 995 742 1121">Автордың негізгі ойы</td> </tr> <tr> <td data-bbox="381 1121 516 1161"></td> <td data-bbox="516 1121 647 1161"></td> <td data-bbox="647 1121 742 1161"></td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="381 1189 742 1433"> <tr> <td data-bbox="381 1189 684 1225">Дескриптор:</td> <td data-bbox="684 1189 742 1225"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="381 1225 684 1313">Мәтінді оқып, негізгі деректерді анықтайды. Дәлел ретінде қолданады</td> <td data-bbox="684 1225 742 1313">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="381 1313 684 1374">Негізгі сөздер мен тіркестерді анықтайды.</td> <td data-bbox="684 1313 742 1374">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="381 1374 684 1433">Автордың негізгі ойын анықтайды</td> <td data-bbox="684 1374 742 1433">+</td> </tr> </table>	Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жаңалық білдім?	Автордың негізгі ойы				Дескриптор:		Мәтінді оқып, негізгі деректерді анықтайды. Дәлел ретінде қолданады	+	Негізгі сөздер мен тіркестерді анықтайды.	+	Автордың негізгі ойын анықтайды	+	<p>Оқулық, кесте</p> <p>Үлеспелі материалдар Буклет</p>
Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жаңалық білдім?	Автордың негізгі ойы														
Дескриптор:																
Мәтінді оқып, негізгі деректерді анықтайды. Дәлел ретінде қолданады	+															
Негізгі сөздер мен тіркестерді анықтайды.	+															
Автордың негізгі ойын анықтайды	+															

	<p>ҚБ: Өзін-өзі бағалау. Дескриптор арқылы өз-өздерін бағалайды.</p> <p>Жинақтау</p> <p>Саралау тапсырмасы:</p> <p>Жазылым кезеңі:</p> <p>Т. «Қауымдастықтар» әдісі.</p> <p>Баспасөз беттерінен, ғаламтордан Әлемдік мұра туралы деректер жинап, шағын мәтін құрастырады. Ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, мағыналарын анықтайды.</p> <table border="1" data-bbox="383 517 723 727"> <tr> <td>Дескриптор:</td> </tr> <tr> <td>Деректер жинайды, дәлел келтіреді</td> </tr> <tr> <td>Мәтін құрастырады</td> </tr> <tr> <td>Ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, жасалу жолын, мағынасын анықтайды</td> </tr> </table> <p>ҚБ: Екі жұлдыз бір тілек</p> <p>С. Оқылымнан кейінгі тапсырма: «Шеңбердегі әңгіме»</p> <p>әдісі арқылы берілген деген сұрақтарды талқылау: кестені толтыру</p> <p>ҚБ: «БББ» әдісі</p>	Дескриптор:	Деректер жинайды, дәлел келтіреді	Мәтін құрастырады	Ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, жасалу жолын, мағынасын анықтайды	
Дескриптор:						
Деректер жинайды, дәлел келтіреді						
Мәтін құрастырады						
Ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, жасалу жолын, мағынасын анықтайды						
Аяқталуы	<p>Рефлексия.</p> <p>«Тілек бетін» толтыру арқылы кері байланыс орнату.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жақсы 2. Қызықты 3. Өзіме (мәлімет) алдым 4. Кедергілер 	Тілек беті				

	<p>Қорытындылау Бағалау Үй тапсырмасы: ...-бет. ...-тапсырма</p>	
Қосымша ақпарат		
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жүргізесіз?</p>	<p>Бағалау. Оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-ымен байланыс Құндылықтардағы байланыс (тәрбие элементтері)</p>
<p>«Қызық екен», «Инсерт», «Кластер» жасау, «Борт журнал» әдісімен деректерді табу арқылы қосымша көмек беріледі. Қабілеті жоғары оқушылар «Қауымдастықтар» әдісі арқылы баспасөз беттерінен, ғаламтордан деректер жинақтайды. Ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын анықтайды.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау. Сабақтың барысында, тапсырмаларды орындау кезінде өзінің көңілі толмай қалған жайттарға талдау жасау. Екі жұлдыз бір тілек.</p>	<p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері сақталған. АКТ-ымен байланыс бар.</p>
<p>Рефлексия Оқу/сабақ/ мақсаты мен міндеттері орындалды ма? Бүгін білім алушылар не үйренді? Сабақ қалай, қандай деңгейде өтті? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? (Тапсырмалар тақырып пен мақсатқа сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер мен толықтырулар енгіздім және не үшін енгіздім?</p>	<p>Өз-өзінді бағалау Өз сабағыңызды талдау үшін осы ұяшықты пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Қорытынды бағалау Қандай екі нәрсе табысты болады (оқыту мен оқуға қатысты)? Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың (оқыту мен оқуға қатысты) бұдан да жақсы өтуіне ықпал етер еді? Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылар және олардың менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетіні туралы не білдім?</p>		

Әлемнің Екінші ұстазы

Сабақтың тақырыбы	Әлемнің Екінші ұстазы	
Мектеп	Сынып	
Мұғалім	Қатысқандар: қатыспағандар:	
Сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Мәтінге дейін жұмыс. Ойтүрткі сауалдар арқылы тақырыпқа қатысты оқушылардың не білетінін тексеру. Мәтінге тезис жасату. Сызбаларды, кестені пайдаланып, графиктік мәтін құру.	
Сабақтың мақсаты Білімдік Дамытушылық Тәрбиелік	Оқушылардың барлығы: мәтіндегі ақпаратпен танысып, меңгереді; Көбі: Графиктік мәтін ретінде ұсынылған тапсырманы орындайды Кейбіреулері: фонетикадан өткен материалдар бойынша жұмыс істей алады	
Күтілетін нәтиже	Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат алады	
Сабақтың құрылымы	Білімді жүйелеу сабағы	
Көрнекі құралдар	Интербелсенді тақта, слайдтар, әл-Фарабидің суреті, карта	
Оқыту әдістері	Түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап, «Ромбтық жіктелім», кластер түзу, «Қысқаша шолу», «Шығу парағы», «Білім пирамидасы» әдістері	
Дереккөздері	Оқу құралы, қосымша оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар, ғаламтор	
Тапсырмалар		
Мәтінмен жұмыс, тілдік бағдар бойынша жаттығулар, тренингтер, тест тапсырмалары		
Сабақтың барысы: мұғалім мен оқушының іс-әрекеті		
Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Ұйымдастыру кезеңі, сәлемдесу, түгендеу, көңіл-күйлерін сұрау, ақ парақтар таратып	Сыныптағы әрекеттестік: топтық, жұптық, жеке дара.

	<p>беру, тақтаға 1 санын жазу және оны оқушылармен бірге әр жағымды сөз жазған сайын 1 санына нөл санын қосып толықтыру арқылы мыңға, он мыңға жеткізу</p>	<p>«Жақсы сөз – жан ырысы». Ақ қағаздарға 1 санына қосымша нөлдерді қосу барысында өздеріне қатысты жылы лебіздер жазады, сабақтың соңында үдеріске талдау жасайды</p>
<p>Үй тапсырмасын тексеру, өткен материалдарды меңгеру деңгейін пысықтау</p>	<p>Сұрақ-жауап және «БББ» әдістері бойынша үй тапсырмалары мен тілдік бағдарды меңгеру деңгейлерін тексеру, кемшіліктерді түзеу, ақпаратты толықтыру</p>	<p>Оқушылар бір-бірінің жауаптарын тыңдайды, талқылайды, бір-бірінің жауаптарын толықтырады, түзетеді, бағалайды</p>
<p>Сабаққа қызығушылығын ояту</p> 	<p>Тақтамен және ақ парақпен жұмыс. «Ромбтық жіктелім». 3-тапсырма. Кері байланыс: «Білім пирамидасы» 1. <i>Есте сақтайтын ең маңызды ақпарат</i> 2. <i>Менің көбірек білгім келетін басты екі мәлімет</i> 3. <i>Мені қызықтырған үш ақпарат</i> 4. <i>Мен білетін төрт мәлімет</i></p>	<p>Маркерлерді пайдаланып, ассоциограмманы құрайды. «Білім пирамидасы», кластер түзу әдісі бойынша әр оқушы сызбаны толтырады</p>
<p>Мағынаны тану</p> 	<p>I Түсіну. Білу. Материалды меңгеру: Мәтінмен жұмыс. Ойтүрткі сұрақтарға жауап беру, мәтінді мәнерлеп оқу. 1. Айтылым. «БББ» әдісі бойынша</p>	<p>Оқу құралында берілген тапсырмаларды орындайды Айтылым. Сұрақтарға жауап беру, коммуника- тивті-ақпараттық</p>

	<p>мәтінге қатысты ақпараттарды зерделеп айту.</p> <p>2. Жазылым. Жазбаша жаттығу жұмыстары мен тапсырмаларды орындау.</p> <p>3. Оқылым. Мәтіннің мазмұны бойынша жұмыс. Тест тапсырмаларын орындау.</p> <p>4. Тыңдалым. Мәтіндегі термин сөздер мен мағынасы бейтаныс сөздердің мағыналарын айқындау.</p>	<p>қарым-қатынас орнатады.</p> <p>Жазылым. Сызбаны толтырады. Жаттығу жұмысын орындайды.</p> <p>Оқылым. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды, зерделейді. Мәтіннің мазмұны мен тілдік бағдар бойынша берілген тест апсырмаларына жауап береді.</p> <p>Тыңдалым. Сөздердің семантикалық картасын жасайды немесе «Түсіндірме сөздік» үйшігін құрады.</p>
<p>Миға шабуыл</p> <p>Білімдік мақсаты</p> <p>Дамытушылық мақсаты</p> <p>Тәрбиелік мақсаты</p>	<p>Мәтінге дейінгі жұмыс. Тақырыпқа қатысты өйтүрткі сұрақтар қою.</p> <p>Білім алушылардың жаңа тақырыпқа қатысты не білетінін анықтау.</p> <p>Өтілген материалға қосымша тың ақпараттар легін ұсыну.</p> <p>Адамгершіліктің негізі, бақытты өмірдің басты қадамы сапалы білім мен саналы тәрбиеде/ өмірде екенін ұқтыру</p>	<p>Берілген сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Өзі білетін мөлiмeттер туралы баяндайды.</p> <p>Ойын ортаға салады.</p>
Сергіту сәті	«Кім білгір» сайысын ұйымдастыру. Әл-Фарабидің өмір-	«Брейн-ринг» сайысына қатысады.

	баяны мен шығармашылығына қатысты деректер бойынша сайыс алаңын ұйымдастыру.	Сұрақ-жауап әдісін пайдаланады.
Білім дағдаларын бекіту жұмысы	Тапсырмалар мен жаттығу жұмыстарын орындау	Кластер түзіп, жазбаша жұмыстарды орындайды
Жинақтау	Әл-Фарабидің өмірі мен ғылыми жұмыстары туралы тезис жасау. Тезиске сүйене отырып әңгімелеу.	Қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, тезис жасайды.
Қорытынды	Өткен материалға қатысты оқушылар өз тұжырымдарын айту.	Әр оқушы өткен материалға, ақпаратқа қатысты өзінің ойын айтады
Бағалау	Жиынтық бағалау. Модульдік тапсырма орындау деңгейіне қарай бағалау. Сабақ барысындағы кейбір оқушылардың белсенділігіне назар аудару.	Оқушылар жиынтық бағалаудың тапсырмасын орындайды
Үйге тапсырма	Ойтолғау жазу. Жоспар жасау. Жоспар бойынша кіріспе бөлімде 3-5 сөйлеммен ойын жеткізу. Негізгі бөлімде жазған ой-пікіріне, сөйлеміне қатысты дәлелдер мен деректерді келтіріп отыру. Дәлелдер мен деректерді БАҚ құралдарынан, ғаламтордан және сенімді әртүрлі дереккөздерінен алуға болады. Қорытынды бөлімде кіріспе мен негізгі бөлімдерде	Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактаты» бойынша қайырымды қаланың негізгі белгілері мен қайырымды қалаға карама-қарсы келетін алты надан қала, оларды басқарып отырған әкімдері мен тұрғындары туралы ойтолғау жазып келеді. Әл-Фараби

	айтылған ой-пікірлеріне айланысты тұжырым жасау, ой қорыту.	еңбегінің қазіргі уақытта өзектілігін ашып көрсетеді.
Ойтаразы	«Шығу парағын» толтыру	Берілген сұрақтарға жауап жазады


ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨГІНДЕ ЖАРҚ ЕТКЕН ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ

<p>САБАҚ: ... – сабақ</p> <p>Тақырыбы: Қазақ ғылымының көгінде жарқ еткен жарық жұлдыз. Шоқан Уәлиханов. Тілдік бағдар: тура және ауыспалы мағыналы сөздер</p>		<p>Мектеп:</p>	
<p>Мерзімі:</p>		<p>Оқытушының/мүғалімнің аты-жөні:</p>	
<p>СЫНЫП/ТОП:</p>		<p>Қатысқандар:</p>	<p>Қатыспағандар:</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>		<p>Оқулықтан және ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау</p>	
<p>Сабақ мақсаттары:</p> <p>Білімдік</p> <p>Танымдық</p> <p>Дамытушылық</p> <p>Тәрбиелік</p> <p>Сабақ міндеттері</p>		<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушыларға қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірін тереңірек таныстыру • Шоқанның өмір жолымен, ғылыми қызметімен таныстыра отырып, білім алушылардың ғылыми жұмысқа, ізденіске күштарлығын ояту. • Тілдік бағдар бойынша білім дағдыларын • бекіту • Шоқан өмірінің басты кезеңдері мен басты ғылыми еңбектері туралы нақты мәлімет беру • Білім алушылардың Шоқан туралы білетін мәліметтерін одан ары толықтыру, сөздік қорын байыту • Шоқан өмірін өнеге ете отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа баулу <p>Барлық білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтан, ғылыми еңбектерден қажетті деректерді табады • авторына сілтеме жасайды 	

Бағалау критерийлері	Білім алушылардың басым бөлігі:
	<ul style="list-style-type: none"> оқулықтан және ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектерден алған деректерді дәлел ретінде қолданады. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді табады, мағынасын анықтайды, салыстырады
	Кейбір білім алушылар:
	<ul style="list-style-type: none"> ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алған деректерге талдау жасай алады. Сөздердің мағыналарын талдап ажыратады қажетті деректерді таба алады деректерді дәлел ретінде қолданады, деректерге талдау жасай алады тура және ауыспалы мағыналы сөздер туралы ұғымды меңгереді
	Тілдік мақсат
	Білім алушылар орындай алады: Деректерді іріктейді, ішінара ізденушілік жұмыстарын жүргізеді, ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, мағыналарын анықтайды
	Тірек сөздер мен тіркестер:
	Шоқан, ауыл мектебі, «жеті жұрттың тілін біл» қағидасы, кадет корпусы, тұңғыш, қазақ ғалымы
	Тапсырмаларды орындау: жазылым үшін қажетті сөздер, сөз тіркестер:
	Шоқан, шын аты, ғылыми қызметі, кадет корпусы, сапар, т.б.
Талқылауға арналған сұрақтар: Шоқанның қазақ халқына сіңірген еңбегі қандай? Жастарға өнеге болар өмір жолы	
«Инсерт» стратегиясы. «БББ» әдісі	
Венн диаграммасы кестесін толтыру	
Құндылықтарға баулу	Отандық ғылыми, тарихи-әлеуметтік маңызы зор дүниелерді, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оларды құрметтеуге баулу
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих, география
Көрнекілік құралдар	Буклет, АТҚ құралы немесе интербелсенді тақта, Шоқан туралы презентация, үлестірмелі материалдар, кесте қағаздар, өзін-өзі бағалау парағы, мозаика қиықтары; Шоқан еңбектерінің (виртуальды немесе визуальды) көрмесі

<p>Пререквизит Алдыңғы оқу Жоспар</p>	<p>Шоқанның ғылыми жолын асқақтату. Өнегелі өмір жолын жастарға үлгі ету</p>	
<p>Жоспарланған уақыт Сабақтың барысы Басталуы ... мин</p>	<p>Жоспарланған жаттығу түрлері</p> <p>С. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал қалыптастыру «Алақай!!!» әдісі. – Сәлем достым! (Амандасады) – Сенің көңіл-күйің қалай? (Иықтарынан қағады) – Қайда болдың? (Қолымен ишара жасайды) – Мен сені сағындым! (Қолдарын жүректеріне қояды) – Мен келдім! (Қолдарын жаяды) – Жақсы болды! (Қолдарын түйістіреді) Бәрі бірге қол ұстасып, «Алақай» деп қолдарын жоғары көтереді.</p> <div data-bbox="445 842 767 1086" data-label="Image"> </div> <p>Мозаика құрастыру әдісі арқылы топқа бөлу. Әр қиық бөліктерін сәйкес келтіру арқылы білім алушылар топтасады. Қиықтар құралып, мозаика тұтас күйінде дайын болғанда, Шоқанға қатысты қызықты деректер жазылады. Үй тапсырмасын «Жүзіп шығу» әдісі арқылы сұрап шығу.</p>	<p>Ресурстар</p> <p>Қима материалдар: Мозаика, мозаика қиықтары</p>

	<p>Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерімен таныстыру</p> <p>Ж. «Қызық екен» әдісі арқылы әр мозаика қиығының артында жазылған қызықты мәліметті оқып, қызық болған тұстарын «қызық екен, бізге қызық болды, қосымша қызық мәлімет бар» деген тіркестерді қолданып айтады. Осы деректер бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.</p>													
<p>Ортасы ... минут</p>	<p>Білу, түсіну</p> <p>Жазылым тапсырмасы:</p> <p>«Борт журнал» әдісі. Оқылым мәтінінен игерген мәліметтерді кестеге жазады</p> <table border="1" data-bbox="431 627 776 762"> <tr> <td data-bbox="431 627 566 762">Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?</td> <td data-bbox="566 627 680 762">Мәтін-нен қандай жаңа-лық білдім?</td> <td data-bbox="680 627 776 762">Автордың негізгі ойы</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Дескриптор:</p> <table border="1" data-bbox="431 831 776 1038"> <tr> <td data-bbox="431 831 680 922">Мәтінді оқып, негізгі деректерді анықтайды. Дәлел ретінде қолданады</td> <td data-bbox="680 831 776 922">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="431 922 680 983">Негізгі сөздер мен тіркестерді анықтайды.</td> <td data-bbox="680 922 776 983">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="431 983 680 1038">Автордың негізгі ойын анықтайды</td> <td data-bbox="680 983 776 1038">+</td> </tr> </table> <p>ҚБ: Өзін-өзі бағалау. Дескриптор арқылы өз-өздерін бағалайды.</p> <p>Жинақтау</p> <p>Саралау тапсырмасы:</p> <p>Жазылым кезеңі:</p> <p>Т. «Қауымдастықтар» әдісі. Баспасөз беттерінен, ғаламтордан Шоқан туралы деректер жинап, шағын мәтін құрастырады. Жалғаулықтарды тауып, жасалу жолын, түрлерін анықтайды.</p>	Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтін-нен қандай жаңа-лық білдім?	Автордың негізгі ойы				Мәтінді оқып, негізгі деректерді анықтайды. Дәлел ретінде қолданады	+	Негізгі сөздер мен тіркестерді анықтайды.	+	Автордың негізгі ойын анықтайды	+	<p>Оқулық, «Борт журнал» әдісі, кесте</p> <p>Үлеспелі материалдар, Буклет</p>
Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтін-нен қандай жаңа-лық білдім?	Автордың негізгі ойы												
Мәтінді оқып, негізгі деректерді анықтайды. Дәлел ретінде қолданады	+													
Негізгі сөздер мен тіркестерді анықтайды.	+													
Автордың негізгі ойын анықтайды	+													

	<p>Дескриптор:</p> <p>Деректер жинайды, дәлел келтіреді</p> <p>Мәтін құрастырады</p> <p>Жалғаулықтарды тауып жасалу жолдарын, түрлерін анықтайды</p> <p>ҚБ: Екі жұлдыз бір тілек С. Оқылымнан кейінгі тапсырма: «Шеңбердегі әңгіме» әдісі арқылы берілген деген сұрақтарды талқылау: кестені толтыру ҚБ: «БББ» әдісі</p>	
<p>Аяқталуы</p>	<p>Рефлексия. «Тілек бетін» толтыру арқылы кері байланыс орнату.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жақсы 2. Қызықты 3. Өзіме алдым 4. Кедергілер  <p>Қорытындылау Бағалау Үй тапсырмасы: ...-бет. ...-тапсырма</p>	<p>Тілек беті</p>
<p>Қосымша ақпарат</p> <p>Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жүргізесіз?</p>	<p>Бағалау. Оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ пен байланыс Құндылықтардағы байланыс (тәрби элементтері)</p>

<p>«Қызық екен», «Инсерт», «Кластер» жасау, «Борт журнал» әдісімен деректерді табу арқылы қосымша көмек беріледі. Қабілеті жоғары оқушылар «Қауымдастықтар» әдісі арқылы баспасөз беттерінен, ғаламтордан деректер жинақтайды. Ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, беріп тұрған мағынасын анықтайды.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау Екі жұлдыз бір тілек</p>	<p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері сақталған. АКТ-пен байланыс бар</p>
<p>Рефлексия</p> <p>Оқу/сабақ/ мақсаты мен міндеттері орындалды ма? Бүгін білім алушылар не үйренді? Сабақ қалай, қандай деңгейде өтті? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? (Тапсырмалар тақырып пен мақсатқа сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер мен толықтырулар енгіздім және не үшін енгіздім?</p>	<p>Өз-өзіңді бағалау</p> <p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы ұяшықтарды пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

Қорытынды бағалау

Қандай екі нәрсе табысты болады (Оқыту мен оқуға қатысты)?

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпал етер еді?

(Оқыту мен оқуға қатысты)?

- **Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың білім деңгейі және олардың менің келесі сабағымды дамытуға көмектесетіні туралы не білдім?**

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨГІНДЕ ЖАРҚ ЕТКЕН ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ

Шоқан Уәлиханов

Сабактың тақырыбы	Ұядан ұшар алдында	
Мектеп		
Сынып	Қатысқандар	Қатыспағандар
Мұғалім		
Тілдік бағдар:	Омоним сөздер мен полисемия құбылысы	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Т/А. Коммуникативтік жағдаятқа сай мәтіннен тілдік көркемдік құралдарды, көп мағыналы сөздерді, омоним сөздерді тауып, омонимдердің мағыналық айырмашылығын айқындайды, ойын еркін жеткізе алуға дағдыланады.	
	О. Оқулықтан және ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолданады, авторына сілтеме жасайды.	
	ӘТН. Білім алушылар сөйлеу барысында интонацияны, кідірісті, логикалық екпінді олардың мәнін түсініп қолданады.	
Сабақ мақсаттары:	<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушыларға қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың өскен ортасымен, өмір жолымен таныстыру. • Омоним сөздер мен полисемия құбылысы туралы білім дағдыларын бекіту • Ұядан ұшар алдында мәтіндегі Шоканның балалық шағына, қадеттегі достарымен, ұстаздарымен қарым-қатынасына талдау жасау. • Шоканның өмірі туралы мәліметтермен тереңірек таныстыру және сөздік қорын байыту • Шоқан өнегелі өмірінен үлгі ету арқылы ғылым мен білімге қызығушылығын ояту 	
Білімдік		
Танымдық		
Дамытушылық		
Тәрбиелік		
Күтілетін нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> • Шоканның өскен ортасының оның тұлға болып қалыптасуына тигізген әсері мен зеректілігі, білімге құштарлығына назар аудару. 	
Сабактың формасы/түрі	<ul style="list-style-type: none"> • Жаңа тақырыпты бекіту сабағы 	

Қажетті көрнекі құрал-жабдықтар	• Интербелсенді тақта, презентация, буклет, тақырыпқа қатысты материалдар, үлестірмелі қағаздар	
Пәнаралық байланыс	• Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, информатика, география	
Оқыту әдістері	• Түсіндіру, жаттығу жұмыстары, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ойтүрткі әдісі, ассоциативті қатар түзу, кесте толтыру, «Түсіндірме сөздік» үйшігімен жұмыс істеу, кластер түзу, «Шығу парағын» толтыру әдістері	
Дереккөздері	• Оқу-әдістемелік құрал, ғаламтор, дидактикалық материалдар	
Сабақ барысы	Тапсырмалар	
Сабақ барысындағы мұғалім мен білім алушының іс-әрекеті		
Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
Дәрісханада жағымды психологиялық ахуал туғызу	Сәлемдеседі, түгендейді, көңіл-күйлерін сұрайды. Білім алушылар «Шаттық шеңберін» құрайды, сәттілік тілейді	Сәлемдеседі, жақсы тілектер айтады
Үй тапсырмасын тексеру, тілдік бағдардан өткен материалды пысықтау	«Кіші шеңбер» тәсілі бойынша білім алушылар шеңбер құрайды және кім тапсырманы қалай орындағанын айтады	Белгілі бір уақыт ішінде білім алушылар кезекпен үй тапсырмасын қалай орындағаны туралы мәлімет береді. Жұмыстардың нәтижесі талқыланады
Қызығушылықты ояту	«Инсерт» стратегиясы. «Бәрін білгім келеді». Ақпараттың мазмұнына сәйкес келетін торкөзге + белгісін қою арқылы «БББ» кестесін толтырады	Инсерт стратегиясы бойынша «БББ» тәсілін қолдану арқылы ойтүрткі сауалдарға жауап береді

<p>Тілдік мақсат</p> <p>Тақырыпты және тілдік бағдар материалдарын бекіту</p>	<p>Білу. Түсіну. Мәтінмен жұмыс. Берілген тапсырмаларды орындау</p>	<p>Мәтінді мазмұндау.</p>
	<p>I Айтылым. «ПОПС»/ «Төрт сөйлем» әдісі бойынша тақырыпқа байланысты ойға түйгенін айтады.</p> <p>1. Бірінші сөйлем. Менің ойымша,</p> <p>2. Екінші сөйлем. Себебі мен оны былай ... деп түсіндіремін.</p> <p>3. Үшінші сөйлем. Оны мен мынадай деректермен, мысалдармен: ... дәлелдей аламын.</p> <p>4. Төртінші сөйлем. Осыған байланысты мен былай деп ... ой түйдім.</p>	<p>Ойтүрткі сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«ПОПС» құрылымы бойынша баяндайды.</p> <p>Жұптық жұмыс. Диалог құрайды. Ой бөліседі, пікір алмасады, өз пікірін дәлелдейді, өз ойын қорытындылайды.</p>
	<p>II Жазылым. Мәтін бойынша кестенің бірінші бағанындағы сөздер мен сөз тіркестерінің ассоциативті қатарын түзеді</p>	<p>Сызбаны, кестелерді толтырады.</p> <p>Жаттығуларды орындайды</p>
	<p>III Оқылым. Мәтінмен жұмыс. Тест тапсырмаларына жауап береді</p>	<p>Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтайды.</p> <p>Мәтіннен эмоционалды-экспрессивті сөздерді табады</p>

	IV Сергіту сәті. Кластер жасауға тапсырма беріледі	Кластер жасайды
	V Жинақтау. Білгенге маржан	Шоқан өмірінің маңызды кезеңдерін баяндайды
Қорытынды	Шоқанның өскен ортасы мен алған тәлім-тәрбиесі туралы ой толғайды	Түсінігін айтады
Бағалау	Жиынтық бағалау. Модуль бойынша тапсырмалар береді	Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын орындайды
Үй тапсырмасы	С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» шығармасынан үзінді оқып келу	Үзіндіні қысқаша мазмұндап береді
Ойтаразы	Білім алушылар «Тілек парағын» толтырады	Ұсыныстар мен пікірлерін жазады
Қосымша ақпарат		
Саралау. Сабақ барысында тақырыпты меңгере алмаған білім алушыларға қандай қосымша көмек түрлерін көрсетуге болады? Қабілеті жоғары, тез қабылдап, тез түсінетін, зерек те белсенді білім алушыларға тапсырмаларды қалайша түрлендіріп беруге болады?	Бағалау – білім алушының білімі қалай бағаланады?	Қауіпсіздік ережелері мен еңбекті қорғау ережелерін сақтау АКТ-ымен байланыс Өлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарды ұштастыра жүргізу
«Ассоциативті қатар» түзу, «Түсіндірме сөздік» үйшігін құрастыру, «Кластер» түзу, постер жасау,	Өзін-өзі бағалау. Командалық баға беру жүйесі	Білім алушы тапсырмаларды орындау

